

# «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

ЖОБАСЫ АЯСЫНДА  
ҚОСЫМША САБАҚТАР  
ӨТКІЗУ БОЙЫНША

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

# «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОСЫМША САБАҚТАР ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

## Кіріспе

Сабақ бағдарламасы Талғар ауданының мектептері мен колледждерінде қолайлы білім беру ортасын құруға, білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған қосымша тәрбие сабақтарын іске асыру үшін әзірленген. Жастар арасында заңға бағынудың тұрақты идеологиясын қалыптастыруда прокуратура мен полицияның бұрынғы қызметкерлері тәлімгер ретінде шешуші рөл атқарады.

Бағдарламаның мақсаты: Талғар ауданы оқушыларының тұлғалық дамуына, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың, буллингтің және құқыққа қайшы мінез-құлықтың барлық түрінің алдын алуға бағытталған «Заң және тәртіп» қағидаты бойынша тәрбие процесін прокуратура мен полицияның бұрынғы қызметкерлерінің сүйемелдеуі арқылы қоғамдық сана мен идеологияны қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама білім беру процесіне «Заң және тәртіп» қағидатын енгізуді, құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды, девиантты мінез-құлыққа бейім балалармен жеке жұмыс жүргізуді, сондай-ақ қауіпсіз және қолдаушы ортада білім алушылардың әлеуетін ашуға жәрдемдесуді көздейді.

Жобаға қатысушылар – Талғар ауданының он мектебі мен үш колледжінің оқушылары және тәлімгерлер – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы бекіткен құқық қорғау органдарының отставкадағы қызметкерлері.

Жобадағы тәлімгердің рөлі – мектептің тәрбие жұмысына белсенді қатысу, оның ішінде қызметті білім беру басқармасы және әкімшілігімен келісу, жоспарлау. Тәлімгер білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы жанжалды жағдайларды шешуге қатысады, жұмыс сапасын жақсарту мен балалардың құқықтарын қорғау үшін мектептің басқа мамандары және сыртқы ұйымдармен ынтымақтасады. Оның құзыретіне құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықтық сауаттылықты, азаматтық жауапкершілікті дамытуға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған сабақтар өткізу кіреді. Тәлімгер мектеп басшылығына кәметке толмағандардың мүдделерін қорғау жөнінде ұсынымдар береді, заң шеңберінде ақпараттың құпиялылығын сақтайды және білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы орта құруға жәрдемдеседі. Сондай-ақ, ол бопсалаудың кез келген түріне жол берілмеуі үшін жауапты, оқушылардың азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын ашуға ықпал етеді, біліктілігін арттырады және оқушылардың бос уақытын тиімді және қызықты өткізуін қамтамасыз етеді.

Сабақтың негізгі бағыттарына оқушыларды олардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру, нашақорлық пен құмар ойынға тәуелділіктің, суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, буллинг пен кибербуллингке қарсы іс-қимыл, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың және басқа да заңсыз мінез-

құлықтардың алдын алу жатады. Бұл бағыттар өзіне және айналасындағыларға жауапкершілікпен қарауды, құқықтық мәдениетті дамытуға және мектеп ортасында моральдық-психологиялық ахуалды нығайтуға бағытталған.

Жұмыс формаларына интерактивті дәрістер мен пікірталастар, рөлдік ойындар және кейс әдісі, бейнематериалдарды қарау және талқылау, дағдыларды дамыту және тәуекелге төзімділік бойынша тренингтер, сауалнамалар, викториналар мен шығармашылық тапсырмалар кіреді. Жұмыстың барлық түрі тиісті жас санаттарындағы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ұсынылады, бұл материалды тиімді қабылдауды және қатысушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

#### Жылдық жоспар және іске асырылу кезеңдері

| Кезең     | Іс-шаралар  |
|-----------|---|
| 1 -тоқсан | - Білім алушылар арасындағы әлеуметтік-эмоционалды климаттың бастапқы диагностикасы<br>- Case study әдісі бойынша оқыту |
| 2 -тоқсан | - Білім алушылардың мінез-құлқының мониторингі<br>- Аудандық прокуратураға есеп беру                                    |
| 3 -тоқсан | - Case study-дың жалғасы<br>- Тәуекел топтарымен жұмыс  |
| 4 -тоқсан | - Қорытынды диагностика<br>- Білім алушылардың тұлғалық өзгерістерін бағалау  |

#### Сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сабақ материалдары білім алушылардың жас және психоәлеуметтік ерекшеліктеріне бейімделген, сыни ойлау мен оқиғаларды құқықтық бағалауды дамытуға ықпал ететін нақты кейстер мен құқықтық жағдайлар пайдаланылған. Сабақтарды өткізу кезінде білім алушылардың қатысуы үшін қолайлы жағдай туғызатын сенімді, құрылымдалған атмосфераны қолдау, белсенді оқушыларды тарту, сабаққа қатысуын ынталандыру ұсынылады. Оқушыларды кешенді қолдау үшін психолог, әлеуметтік педагогтермен ынтымақтасу және жобаның тиімділігін арттыру мақсатында қатысушылар және олардың ата-аналарымен тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету қажет.

Сабақтарды екі аптада бір рет мектеп әкімшілігі бекіткен кестеге сәйкес бірінші және үшінші тоқсандарда өткізу ұсынылады.

#### Тиімділікті бағалау

Сабақтардың нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін бағдарлама тиімділігінің тұрақты мониторингін ұйымдастыру қажет. Оған білім алушылар арасында курс басталғанға дейін (бірінші тоқсанда) және аяқталғаннан кейін (төртінші тоқсанда) өткізілетін моральдық-психологиялық климат диагностикасы, құқық бұзушылық статистикасының салыстырмалы талдауы және қатысушылардың мінез-құлқы мен қатысу деңгейіндегі өзгерістерді тіркейтін тәлімгерлердің есептерін жинау мен зерттеу кіреді. Сонымен қатар, білім беру процесінің барлық субъектілерінің — оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың пікірлеріне ерекше назар аудару керек. Бұл тәсіл білім беру мен тәрбиенің максималды әсеріне қол

жеткізуге көмектесетін мықты және жақсартуды қажет ететін жақтарды уақтылы анықтауға, сабақтардың мазмұны мен әдістемесін түзетуге мүмкіндік береді. Сауалнама Google формалары арқылы жүзеге асырылады.

Жобаның оқушыларға нақты әсерін бағалау үшін төрт сатылы мониторинг қарастырылған, оған мыналар кіреді:

1. Әлеуметтік-эмоционалды климаттың бастапқы диагностикасы (1-тоқсанда);
2. Оқушылардың мінез-құлқының мониторингі және аудандық прокуратураға есеп беру (2-тоқсанда) – жартыжылдықтағы құқық бұзушылықтар саны, МІЕ -те тұрған оқушылар саны бойынша деректер;
3. Оқу сабақтарының нәтижелерін аралық талдау (3-тоқсанда);
4. Қорытынды диагностика және өзгерістерді талдау (4-тоқсанда). Біз сауалнама, бақылау, кейстерді талдау, оқушылардың өздерінен, ата-аналардан және педагогтерден кері байланыс сияқты сандық және сапалық әдістерді ұсынамыз.

Бағдарламаның іске асырылуы оқушылар арасындағы құқық бұзушылық деңгейінің төмендеуіне, құқықтық сауаттылық пен тәртіптің артуына, көшбасшылық, коммуникативтік және моральдық қасиеттердің дамуына, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында заңға бағынудың тұрақты мәдениетінің қалыптасуына бағытталған.

## 7-8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

### №1 САБАҚ

#### ТАҚЫРЫБЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларының құқықтық санасын, құқықтық құзыреттілігін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

- өскелең ұрпақты құқықтық сауаттылық негіздерімен таныстыру
- құқықтық жағдаяттарды талдауда сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту
- құқықтық құбылыстарға жағымды эмоционалды қатынасты қалыптастыру
- мектеп оқушыларының жеке басын әлеуметтендіру және құқыққа деген көзқарасты әлеуметтік құндылық ретінде тәрбиелеу.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқушылар құқықтың қазіргі қоғамдағы рөлі туралы түсінікке ие болады.
2. Сыни тұрғыдан ойлауды пайдалана отырып, құқықтық білімдерін өмірде қолдана білуге үйренеді.
3. Құқықтық ақпаратты пайдалану дағдыларын дамытады.
4. Әлеуметтік белсенділікті және жеке жауапкершілікті арттырады.

#### **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі

1.1 Сәлемдесу

1.2. Мотивациялық қызығушылықты ояту

## II. Негізгі бөлім

### 2.1. Ақпараттық блок

### 2.2. Топтық жұмыс

## III. Қорытынды. Рефлексия

### 3.1. Жаднама дайындау

IV. Қосымшалар. Үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар

**Ұзақтығы:** 45 минут

**Материалдар:** кейс, жаднама, флипчарт немесе презентация, топтарға берілетін парақтар

## Сабақтың барысы

### I. Кіріспе (6 мин)

1.1 Балалар, бүгін мен назарларыңды сабағымыздың тақырыбын көрсететін дәйексөзге аударғым келеді:

«Заңдарды білу олардың сөздерін есте сақтаудан емес, олардың мағынасын түсінуден тұрады» Марк Туллий Цицерон - ежелгі Рим саясаткері және философы, Ежелгі Римнің ұлы шешендерінің бірі болып саналады.

**Дәйексөзбен жұмыс:**

- Бұл дәйексөздің мағынасы қандай?
- Қандай заңдарды білесіңдер?
- Заңдарды білу маңызды неліктен деп ойлайсыңдар?

1.2 Естеріңде болсын, кез келген өмірлік жағдайда адам өзін ЛАЙЫҚТЫ ҰСТАУЫ, әділетті болуы және заңды құрметтеуі маңызды. Атап айтқанда, заңдарды білу сендерге де, ата-аналарыңа да, айналадағы басқа адамдарға да кейіннен өкінбейтіндей әрекет етуге көмектеседі. Қазіргі кезде заңдар қайда жазылғанын атау үшін, анаграммаларды шешу керек:

ШКІМЛІКӘ, КСОДЕК

ТЫҚМЫСҚЫЛ, КОКЕСД

БЕҢКЕ, ЕКОСДК

ЛЫМ РАТУЛЫ АҢЗ

БАОТСЫ, КСОЕКД

ТЕПМЕК, ҒЫЖАРСЫ

Дұрыс, заңдар «Отбасы кодексінде», «Азаматтық кодексте», «Еңбек кодексінде», «Қылмыстық кодексте», «Білім туралы заңда», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте», оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген Мектеп жарғысында жазылған.

## II. Негізгі бөлім

### 1. Ақпараттық блок

**Тәлімгер:**

«Бүгін біз жасөспірімнің көлік жүргізген жағдайын талқылаймыз. Неліктен бұл «шытырман оқиға» емес, керісінше заңды бұзу және өмірге қауіп төндіру болып саналады?

**Құқықтық база:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30-бап — білім алу құқығы, заңдарды сақтау міндеті
- Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелері — көлік құралын 18 жастан бастап жүргізу
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, 127-бап — балалардың әрекеті үшін ата-ананың жауапкершілігі.

**Кейс: «Б. көлік жүргізбек болды. Неліктен бұл қауіпті және заңсыз?»**

2024 жылдың желтоқсан айында О. ауылында 15 жастағы Б. көлікке отырып, көшеге шыққан. Оны полиция қызметкерлері тоқтатқан. Оның жүргізуші куәлігі жоқ болып шықты, ал анасы оны қадаламаған. Нәтижесінде жасөспірімнің анасы заң бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

**Топпен жұмыс (20 мин)**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Неліктен жасөспірімдерге көлік жүргізуге болмайды?
2. **Б.-ның** өзіне және оның айналасындағыларға қандай қауіп төнуі мүмкін?
3. Неліктен **Б.-ның** анасы да жазаланды?
4. Ата-ананың балалары алдында қандай міндеттері бар?
5. Жасөспіріге тыйым салынған нәрсені жасауға ұсыныс немесе рұқсат етілсе, ол қалай әрекет етуі керек?
6. Жүргізуші куәлігі болмаса да, жол қозғалысы ережелері туралы нені білу керек?
7. Бұл жағдайдан қандай сабақ алуға болады?

**Топтар презентациясы (14 мин)**

**Шешімдер мысалы:** (сыныпты 3 топқа бөлу)

- «Б. адамды қағып кетуі немесе апатқа ұшырауы мүмкін».
- «Ата-ана баласының не істеп жатқанын қадағалауға міндетті».
- «Саған көлік жүргізуге рұқсат етілсе де, оның салдары үшін өзің жауап бересің».

| Кейіпкер адам        | Зиян/ шығын | Жағдаятқа қатысы бар әрбір адам үшін салдары | Жағдаяттан шығудың жауапты және жағымды жолын табу |
|----------------------|-------------|--|--|
| 1 топ – Б.           |             |  |  |
| 2 топ - Б.-ның анасы |             |  |  |
| 3 топ - қоғам        |             |  |  |

**III Қорытынды. Рефлексия**

3.1 «Ережелерді сақтамау қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Заңның міндеті — жасөспірімді де, оның айналасындағыларды да қорғау».

**3.2 Жаднама әзірлеу: «Жасөспірімнің қауіпсіздігі және жауапкершілігі»**

1-топ: Жол жүру ережесі туралы жаднама

2-топ: Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы жаднама

3-топ: Ата-ананың құқықтары мен міндеттері туралы жаднама

- **Өз құқықтарыңды білумен қатар, міндеттеріңді де орындау керек.**

## **№2 САБАҚ**

### **ТАҚЫРЫБЫ: МЕКТЕПKE БЕЙІМДЕЛЕ АЛМАУ (ДЕЗАДАПТАЦИЯ)**

**Мақсаты:** жасөспірімдерде мектепте тиімді бейімделу туралы түсінік қалыптастыру, мінез-құлықтың оң стратегияларын дамыту және әлеуметтік дағдыларды, өзін-өзі бағалауды жақсарту.

#### **Міндеттері:**

1. «Мектепке бейімделу», «мектепке бейімделе алмау» ұғымдарымен таныстыру, дезадаптацияның себептерін, факторлары мен түрлерін тізімдеу.
2. Құқықтық жағдайларды талдау дағдыларын дамыту.
3. Ұжымда мінез-құлықтың оң стратегияларын қалыптастыруға ықпал ету.
4. Жасөспірімдердің әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

- Оқушылар «бейімделу», «дезадаптация» ұғымдарын анықтай алады, мектептегі дезадаптацияның себептерін, факторлары мен түрлерін тізімдей алады.
- Күнделікті өмірде құқықтық білімді қолдануды үйренеді.
- Ұжымда мінез-құлықтың оң стратегияларын қолданады.

#### **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі

1.1 Сәлемдесу және ми шабуылы

1.2 Мотивациялық қызығушылық: блиц-сауалнама

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок: мектептегі дезадаптация дегеніміз не, оның себептері қандай?

2.2 «Бейімделе алмаған баланың портреті» жаттығуы

2.3 Кейсті шешу.

2.4 «Бейімделу кезеңінде сыныптасты қалай қолдау керек» ұсынымдарын әзірлеу.

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Рефлексия шеңбері — «Енді мен...».

IV. Қосымша. Жаднама.

**Ұзақтығы:** 45 мин.

Материалдар: кейс, жаднама, флипчарт немесе презентация, топтарға берілетін парақтар

### **Сабақ барысы**

I.

**Кіріспе бөлім (5 минут)**

**1.1 Сәлемдесу және қауіпсіздік атмосферасын құру** «Сәлеметсіздер ме, балалар! Кейде жасөспірімдер өздерін қалағанынша көрсетуге болады деп ойлайды. Бірақ әр сөз басқа адамға ауыр тиюі мүмкін. Бүгін біз мектептегі мінез-құлықтың құқықтар, міндеттер және заңмен қалай байланысты екенін талқылаймыз».

**Ми шабуылы (ойлануға арналған сұрақ)**

*Сұрақ: Мектепке бейімделу дегеніміз не? Бейімделудің қандай түрлері бар?*

- Жауаптарды тақтаға/флипчартқа жазамыз.
- Нақтылаймыз: мектептегі бейімделу белгілері.

**Ең көп таралған мағынада мектепке бейімделу баланың жаңа әлеуметтік жағдайлар жүйесіне, жаңа қатынастарға, талаптарға, қызмет түрлеріне, өмір режиміне бейімделуі деп түсіндіріледі.**

Қосымшада тренерге арналған жаднаманы қараңыз (түсінігі, бейімделу түрлері).

**Мотивациялық блиц-сауалнама**

(Ауызша, аты-жөнін айтпай-ақ, қолдары көтереді)

**Сұрақтар:**

- Мектептегі дезадаптация дегеніміз не деп ойлайсындар?
- Мектептегі дезадаптацияның мүмкін себептерін атаңдар.

Өздерің, таныстарың мектептегі дезадаптацияға тап болдыңдар ма?

**1. Мотивациялық блиц-сауалнама**

(Ауызша, қол көтеріп, атын атамай)

**Сұрақтар:**

- Мектептегі дезадаптация дегеніміз не деп ойлайсыз?
  - Мектептегі дезадаптацияның мүмкін себептерін атаңыз?
- Сен өзің, таныстарың мектептегі дезадаптацияға тап болдыңдар ма?

**II. Негізгі бөлім (35 минут)**

**2.1 Ақпараттық блок: мектептегі дезадаптация дегеніміз не және оның себептері қандай?**

Қосымшада тренерге арналған жаднаманы қараңыз (дезадаптация, оның белгілері мен себептері).

Жасөспірімдерге дезадаптацияны анықтауға және оның пайда болуының мүмкін себептерін атауға, өз өмірінен мысалдар келтіруге ұсынылады.

**«Бейімделе алмаған баланың портреті» жаттығуы (топтық жұмыс)**

Оқушылар 5 минут ішінде топтарға бөлініп, ватманға бейімделмеген баланың суретін салады. Содан кейін суреттер тақтаға ілінеді.

**2.3 Кейсті шешу**

**Кейс: «Азамат сабақта өзін дөрекі ұстады. Оған кім жауапты?»**

- 2025 жылдың ақпан айында Қ. қаласындағы №4 мектепте 7 сынып оқушысы Азамат математика сабағында өзін дөрекі ұстап, жаман сөздер айта бастады. Ол айқайлап, сыныптастарын қорлап, мұғалімді тыңдамады. Оның әрекетіне байланысты сабақ бұзылды. Полиция оның үйінде ата-анасы оны қадағаламай, онымен айналыспайтындығын анықтаған, оның ата-анасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 127-бабы бойынша жауапқа тартылды (баланы тәрбиелеу міндеттерін орындамау).

**Топтық жұмыс (10 мин)**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. А.-тың көрсеткен мінез-құлқы неге құқық бұзушылық болып есептеледі?
2. Басқа оқушылардың қандай құқықтары бұзылды?
3. Неге А.-тың әкесі де жазаланды?
4. Мектепте қандай тәртіп ережелері сақталуы қажет?
5. Дәрекі қарым-қатынас сыныпқа қандай әсері етеді?
6. А.-тың көңіл-күйі болмаса, ол қандай әрекеттер жасайтын еді?

#### **Құқықтық база:**

- ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы – құрметпен қарау құқығы
- ҚР Конституциясы, 30-бап – білім алу құқығы, ережелерді сақтау міндеті

- ҚР ӘҚБтК, 127-бап – ата-аналардың тәрбие үшін жауапкершілігі
- #### **Топтардың презентациясы, талқылау (15 мин)**

#### **Шешімдер мысалы:**

- «А. сынып алдында кешірім сұрап, психологпен сөйлесуі қажет».
- «Басқа адамдарға жағымсыз мінез-құлқыңды көрсетуге болмайды».
- «Егер ата-аналар тәрбиелемесе – бұл да заңды бұзушылық».

#### **Тәлімгер баса назар аудартады:**

«Өзгелерді ренжітпей, сезімдерді сөзбен жеткізуді үйрену маңызды. Ал ата-аналар тек ересектер ғана емес, олар сендердің мінез-құлықтарына жауапты тұлғалар».

#### **2.4 «Бейімделу кезеңінде сыныптасты қалай қолдау керек» ұсынымдарын әзірлеу**

Кейстерді шешу кезеңі аяқталғаннан кейін балаларға «Бейімделу кезеңінде сыныптасты қалай қолдау керек» ұсынымдарын жасау ұсынылады (тренер тақтаға жасөспірімдердің айтқандарын жазады – 5, 6 ұсыным)

#### **III. Қорытынды. Рефлексия (5 минут)**

**Қорытынды: мектеп ережелері – тек «тәртіпті сақтау» емес, барлық оқушыларды қорғау ережелері.**

**«Жанжалдарды агрессия көрсетпей қалай шешуге болады?» жаднамасы таратылады**

#### **3.1 Рефлексия шеңбері «Енді мен...»**

*Әр оқушы сабақтың қорытындысы бойынша кезекпен немесе жазбаша түрде сөз тіркесін аяқтайды:*

*— Енді мен...*

**1-қосымша**

#### **Оқушыларға арналған «Жанжалдарды агрессиясыз қалай шешуге болады» жаднамасы**

Жанжал – бұл қарама-қайшылық, қарама-қарсы тараптардың, пікірлердің, күштердің қақтығысы; елеулі келіспеушілік, өткір дау.

Есінде болсын, жанжалды шешудің ең жақсы тәсілі – оны болдырмау!

Бірақ егер жанжалдан құтылу мүмкін болмаса, есінде болсын:

#### **1. Жанжалды басқару ережелері**

- Сөзді бөлмей, аяғына дейін тыңда.
- Алдын ала болжам жасама.
- Жеке тұлғаға қатысты ескертулер жасама және қорлама.

• Мәселені шешу үшін шынымен жұмыс жаса. Екеуіңе де сәйкес келетін келісімге келгенше жанжалдың көптеген шешімдерін ұсын.

• Жанжалды позитивті нотамен аяқта.

## 2. Жанжал туындаған кездегі іс-әрекет ережелері

• *Серіктесіңе «іштегісін» шығаруға мүмкіндік бер.*

• *Егер серіктесің қатты ашулы, агрессивті болса, оған шиеленісті, іштегі ашуын басуына көмектес. Ашуы басылмайынша онымен мәмілеге келу қиынға түседі, тіпті мүмкін болмайды. Осы сәттердегі ең жақсы тәсіл – айналаңда көзге көрінбейтін қорған бар деп елестету. Өзіңді қорғайтын қорған, ешқандай агрессия мен ашу өткізбейді деп сезіну.*

• *Ол адамнан өз ашуының себебін сабырлы түрде түсіндіруін талап ет.*

• *Адамдар фактілер мен эмоцияларын шатастыруға бейім. Тек шынайы негіздемелер мен объективті дәлелдерді ескеру қажет.*

• *Егер де сенің әрекетің дұрыс емес екенін білсең, кешірім сұраудан қорықпа. Біріншіден, бұл қарусыздандырады, екіншіден, сыйластық, құрмет сезімін тудырады. Себебі тек күшті және өз-өзіне сенімді адамдар ғана өз қателіктерін мойындай алады.*

• *Жанжалдың шешілу нәтижесіне қарамастан, қарым-қатынасты сақтап қалуға тырыс.*

• *Қиындықтар туындағанын мойындап, сыйластық пен ықыласыңды білдір.*

## 3. Дауды шешу жоспары

• *Даудың, әрекеттің немесе басқа әрекеттің себебін анықта (сенімен жанжалдасқан адамнан жанжалдың себебін біл)*

• *Істің айналасында емес, мәні туралы сөйлес. Айтылған түсініспеушілікке, сынға жауап беруді ұмытпа. Өз пікіріңізді нақты және нық айт.*

• *Өз қателігіңді мойында немесе кінәсіздігіңді дәлелде. Жанжалдасушы адамды мінездейтін жағымды қасиеттерін табуға тырыс.*

### Жанжалды болдырмау ережелері

- Сыпайы сөйле.
- Үнемі шындықты айт.
- Саған айтылған шындықтан қорықпа.
- Сөзді бөлме.
- Балағат сөздер айтпа.
- Ақталма.

### Жанжалсыз байланыс факторлары

- Күлімсіреу.
- Мейірімді дауыс
- Сыпайылық
- Сөйлеудің бейтараптығы
- Достық қарым-қатынас
- Қызығушылық таныту
- Ым-ишараның еркіндігі.

**Мектепке бейімделу** баланың жаңа әлеуметтік жағдайлар жүйесіне, жаңа қатынастарға, талаптарға, қызмет түрлеріне, өмір режиміне бейімделуі деп түсіндіріледі.

### **Мектепке бейімделу түрлері**

Әдебиеттерді талдау бейімделу процесін теориялық тұрғыдан түсінуде оның төрт түрін ажыратуға болатындығын көрсетті:

- физиологиялық (ағзаның әртүрлі жүйелерінің өзара әрекеттесуі);
- биологиялық (әсер етудің өмірлік маңыздылығына сәйкес метаболизм мен органдардың қызметіндегі өзгерістер);
- психологиялық (адамның психикалық процестер, қасиеттер, күйлер деңгейіндегі жағдайларға, міндеттерге бейімделуі);
- әлеуметтік-психологиялық (жаңа ұжымдағы қарым-қатынасқа бейімделу, білім беру кеңістігінің нормалары мен құндылықтарын игеру, сондай-ақ қызметтің жаңа шарттары мен мақсаттарына сәйкес қоршаған ортаны өзгерту).

Бейімделудің бұл түрлері өзара әрекеттеседі және бір уақытта көрінуі болуы мүмкін.

Осылайша, бейімделу деп біз баланың осы ортада сәтті жұмыс істеуіне бейімделуін ғана емес (қарым-қатынастың жаңа жүйесіне, әлеуметтік жағдайларға, жаңа талаптарға, қызмет түрлеріне, өмір режиміне және т. б. бейімделу, сонымен қатар елеулі ішкі шығындарсыз, әл-ауқаттың нашарлауы, көңіл-күй, өзін-өзі бағалау), сонымен қатар психологиялық, жеке, әлеуметтік дамуы екенін түсінеміз.

### **Дезадаптация**

Психолог А.В.Петровскийдің зерттеулерінде бейімделу тұлғаның қалыптасуындағы ерекше сәт ретінде қарастырады, және оны оның одан әрі даму сипатына көбіне тәуелді болады деп есептейді.

Бейімделу бұзылған кезде, яғни, мектептегі оқу жағдайларына үйрену, бейімделу кезінде, **дезадаптация** пайда болады. Егер осы кезеңде балаға ата-анасынан, мұғалімдерінен, психологынан қажетті көмек көрсетілмесе, балада мектеп неврозы немесе психосоматикалық аурулар болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін дезадаптивті жағдайдың белгілерін уақытында тану қажет.

### **Оқушыда дезадаптацияның пайда болуының белгілері:**

1. Баланың шаршаған, қажыған келбеті.
2. Баланың өткізген күні туралы өз әсерімен бөліскісі келмеуі.
3. Ересек адамды мектеп оқиғаларынан алшақтатуға, басқа тақырыптарға назар аудартуға ұмтылу.
4. Үй тапсырмасын орындағысы келмеу.
5. Мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына қатысты жағымсыз сипаттамалар.
6. Мектепке байланысты белгілі бір оқиғаларға қатысты шағымдар.
7. Мазасызданып ұйықтау.
8. Таңертең ұйқыдан оянуудың қиындығы, енжар.
9. Өзін нашар сезінуі туралы үнемі шағымдану.
10. Мұғалімнің ескертулері мен сындарына орынсыз мінез-құлық реакциялары, дөрекілік.
11. Құрдастарымен қарым-қатынастағы қиыншылықтар.

12. Оқу үлгерімінің төмендеуі, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы.

Балаға тиімді көмек көрсету үшін пайда болған дезадаптацияның себептерін білу қажет.

**Мектептегі дезадаптацияның себептері:**

- мектепке дайындықтың төмен болуы;
- баланың мүмкіндіктерінің оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес келмеуі;
- мотивацияның, «оқушының ішкі ұстанымының» болмауы;
- басқалармен (балалармен, ересектермен) қарым-қатынас жасай алмауы;
- ата-аналардың шамадан тыс талапшылдығы;
- ата-аналардың гипер-қамқорлығы;
- ата-аналар мен мұғалімдердің балалардың жас ерекшеліктерін білмеуі;
- ата-аналардың өздерінің тым мазасыздығы;
- күн тәртібін сақтамау (толыққанды демалыстың болмауы);
- ауыр созылмалы аурулардың болуы;
- баланың шамадан тыс жүктемесі (үйірмелер, репетитор).

**№3 САБАҚ**

**ТАҚЫРЫБЫ: ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: ҮЙДЕН КЕТУ,  
ҚАҢҒЫБАСТЫҚ**

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға үйден кетудің қауіптілігін түсіндіру және жасөспірімнің әл-ауқатының негізі ретінде мектепте және отбасында тұрақты, қауіпсіз орта қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды үйден өз бетінше кетудің құқықтық және әлеуметтік салдарымен таныстыру
2. Белгілі бір кейстің мысалында девиантты мінез-құлықтың себептерін талдау қабілетін дамыту
3. Топтық пікірталас дағдыларын дамытуға және қиын өмірлік жағдайларда сындарлы шешімдер жасауға ықпал ету
4. Қолжетімді көмек ресурстарымен (мектеп психологі, сенім қызметтері, құқық қорғау органдары) және қиын жағдайларда әрекет ету алгоритмдерімен таныстыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Үйден өз бетінше кету қаншалықты қауіпті екенін түсінеді;
- Үйден кету – проблемаларды шешу тәсілі емес, дабыл екенін сезінеді;
- Отбасындағы жанжал немесе қауіпсіздік сезімі болмаған жағдайда кімнен көмек сұрауға болатынын біледі;
- Тақырып бойынша өз ұстанымын білдіріп және дәлелдей алады;
- Көмек қызметінің байланыс телефондары бар жаднама алады және оның құндылығын түсінеді.

**Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі

1. Ми шабуылы
2. Мотивациялық қызығушылықты ояту

## II. Негізгі бөлім

1. Ақпараттық блок

## III. Практикалық бөлім

1. Кейстермен жұмыс

## IV. Қорытынды. Рефлексия

1. Қорытынды жасау
2. Рефлексия

**IV. Қосымшалар.** Үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, ескертпелер, нұсқаулықтар

**Материалдар:** кейс, жаднама, флипчарт немесе презентация, топтарға берілетін парақтар

**Ұзақтығы** 45 минут

### Сабақ барысы

#### I. 1. Кіріспе (5 минут)

##### 1.1 «Ми шабуылы»

«Кейде жасөспірімдер үйден кету туралы шешім қабылдайды. Неліктен?»

Адам бәрін тастап, ескертусіз, ақшасыз, жоспарсыз кетіп қалуына қандай жағдай итермелеуі мүмкін? Бірге ойланайық. Біз қазір ми шабуылын өткіземіз, кез келген идея қабылданады!»

Шабуылға арналған сұрақ: **«Жасөспірімді үйден қашуға не итермелеуі мүмкін?»**

Оқушылардан себептерді дауыстап айтуларын сұраңыз (және оларды тақтаға/флипчартқа/стикерлерге жазыңыз).

Жауаптарды екі бағанға жазыңыз:

**1. Эмоционалды себептер** (реніш, қорқыныш, жалғыздық ....)

**2. Отбасылық / әлеуметтік себептер** (зорлық-зомбылық, бақылау, қақтығыстар, кедейлік .....

#### 1.2 Мотивациялық қызығушылықты ояту

«Көріп отырғанымыздай, көптеген себеп болуы мүмкін. Бірақ жасөспірім өз еркімен үйден кетсе де — бұл әрқашан оның өзін нашар сезінетіндігінің белгісі. Ал көшедегі өмір – шытырман оқиға емес, қауіп. Бүгін біз оның қаншалықты қауіпке айналуы мүмкін екенін, және қашудың орнына не істеуге болатынын талдаймыз».

#### 1. Негізгі бөлім (35 минут)

##### 2.1 Құқықтық база:

- «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңы
- ҚР ӘҚБтК, 127-бап – ата-аналардың жауапкершілігі
- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң

- ҚР Конституциясы, 27-бап – баланың қорғану құқығы Талқылауға арналған сұрақ: жай ғана үйден кету мен қаңғыбастықтың айырмашылығы неде?  
Қазақстан Республикасында баланың үйден кетуі мен қаңғыбастығы мінез-құлық сипаты мен құқықтық салдары бойынша ерекшеленеді. Төменде салыстырмалы кесте берілген.

| <b>Критерий</b>  | <b>Үйден кету</b>  | <b>Қаңғыбастық</b>   |
|------------------|--|--|
| Мәні             | Үйден ата-анасының немесе қамқоршысының келісімінсіз өз бетінше бір рет кету | Жүйелі түрде көшеде болу, үйден тыс өмір сүру, тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы                        |
| Ұзақтығы         | Қысқа мерзімді мінез-құлық   | Ұзақ, тұрақты  |
| Ортасы           | Бала достарында, туыстарында болуы, жасырынуы мүмкін                         | Көшеде, жертөлелерде, вокзалда және т. б. тұрады.  |
| Себептері        | Отбасындағы қақтығыстар, қорқыныш, зорлық-зомбылық, бүлік                    | Көбінесе әлеуметтік немқұрайлылықтан, ересектердің немқұрайлылығынан, жетімдіктен туындайды              |
| Құқықтық реакция | Бала отбасына қайтарылады, профилактикалық әңгіме, есепке алынуы мүмкін      | Қорғаншылық органдары, полиция, КТІК араласады, мекемелерге (БҚО, мектеп-интернаттарға) жіберілуі мүмкін |

#### **ҚР-дағы баланың қаңғыбастығы үшін жауапкершілігі:**

ҚР-да қаңғыбастық бала тарапынан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды. Алайда:

- 14 жастан бастап бала қаңғыбастық кезінде жасалған нақты іс-әрекеттері үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін (мысалы, ұрлық, ұсақ бұзақылық).
- 14 жасқа дейін баланың іс-әрекеті үшін ата-аналар немесе заңды өкілдер жауап береді.
- Егер қараусыз қалу белгілері анықталса, баланы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына немесе Балаларды қолдау орталығына орналастыруға болады.
- Ата-аналар (қамқоршылар) кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127 – бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

- **Бала үшін қаңғыбастықтың салдары:**

**Әлеуметтік:**

- Мектепшілік бақылауға, Ішкі істер бөліміне есепке алу.
- Құқықтарының шектелуі (мысалы, оқу орнын таңдау, жұмысқа орналасу кезінде).
- Отбасылық байланыс жоғалуы мүмкін.

### Психологиялық:

- Көшедегі зорлық-зомбылық салдарынан пайда болатын созылмалы стресс, мазасыздық, жарақаттар.
- Тыйым салынған заттарды қолдану қаупінің жоғарылауы.
- Ересектер мен әлеуметтік институттарға деген сенімнің жоғалуы.

### Физикалық:

- Тамақ тапшылығы, гипотермия, гигиенаның нашарлығы.
- Аурулар (ЖРА, тері, паразиттік, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар).
- Жыныстық қанаудың қауіптілігі, адам саудасы.

### Білім беру:

- Сабақта қалу, оқуда артта қалу, оқудан шығарылу.
- Мектепке немесе колледжге оралу қиындықтары.
- Мамандық алу перспективаларының нашарлауы.

Топтар бойынша жұмыс (6 топқа бөлінеді)

#### **Кейстермен жұмыс**

##### **1-кейс (1-3 топ үшін)**

**«А. мен Б. үйінен кетіп қалды. Бұл неліктен қауіпті?»**

**А. мен Б.** — Қ. қаласында тұратын әпкелі-сіңлілер. 2024 жылдың желтоқсанында олар ата-аналарына хабарламай, кешке қарай үйден кетіп, екі күннен кейін басқа қаладан, яғни Ақтөбеден табылды. Екі айдан кейін олар қайтадан қашып кетті. Олардың анасы балаларды бақыламағаны үшін жауапқа тартылды.

##### **2- кейс (4-6 топ үшін)**

**«Неліктен жасөспірімдер үйден қашып кетеді?»** Талғар ауданында 2007 жылы туған қыз үйінен бірнеше рет кетіп қалды. Ол көшеде өмір сүрді, мектепке бармады және ересектердің бақылауында болмады. Қыз профилактикалық есепке алынды.

Мұндай жағдайлар басқа жасөспірімдерде де орын алды, облыста осындай 7 бала анықталды.

#### **№1 тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар:**

##### **1 және 4- топтар арналған сұрақтар**

- 1) Қыздар үйден неліктен кетті деп ойлайсыз?
- 2) Оларға не болуы мүмкін?

##### **2 және 5- топтарға арналған сұрақтар**

- 1) Балалардың қауіпсіздігіне кім жауапты?
- 2) Олар өз мәселелерін басқаша шеше алар ма еді?

##### **3 және 6- топтарға арналған сұрақтар**

- 1) Үйдегі жағдай қиын болса, кімге жүгінуге болады?
- 2) Егер бала жоғалып кетсе, полиция не істейді?

## **№ 2 тапсырма. Шешім жолдарын іздеу**

1. Ұсынылған сұрақтарды топта талқылаңыз
2. Шешім жолдарын тұжырымдап, оларды ыңғайлы түрде жасаңыз (сөз сөйлеу, іс-қимыл жоспары, шағын көрініс, сурет / плакат, жасөспірімдерге арналған жаднама)

### Оқушылардың міндеті:

- ✓ Жасөспірімнің қауіпсіздігін сақтауға көмектесетін нақты және қолжетімді қадамдар.
- ✓ Көмек алу үшін кімге жүгінуге болатыны туралы кеңестер.
- ✓ Мұндай жағдайларды қалай болдырмауға болатындығы туралы идеяларды ойлап табу.

### Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Жасөспірімдердің үйден кетуіне қандай себептер жиі себеп болады?
2. Көшеде өмір сүру кәмелетке толмағандар үшін несімен қауіпті?
3. Жасөспірімнің қиын жағдайды жеңу үшін өзі не істей алады?
4. Ересектер – ата-аналар, мұғалімдер, әлеуметтік қызметтер қалай көмектесе алады?
5. Көмек алу үшін қайда жүгінуге болады (сенім телефондары, қызметтер, орталықтар)?
6. Мұндай жағдайлардың азаюы үшін қоғам мен мемлекет не істеуі керек?
7. Жасөспірімдерге қиындықтарды жеңуге қандай ішкі қасиеттер (құндылықтар, дағдылар) көмектеседі?

### **Тәлімгер түсініктеме береді:**

«Сендердің әрқайсыларың білулерің керек: үйден кету — бұл шешім емес. Көмек сұрау маңызды».

«Егер айналаңдағы біреу қиындыққа тап болса – үнсіз қалма. Қоңырау шал, хабарла, көмектес».

## **Ш. Қорытынды (5 минут)**

**3.1 Үйден кету – бұл мәселе туралы белгі, бірақ оны шешімі емес. Әр баланың қорғалуға және қамқорлыққа құқығы бар. Қашу – бұл шешім емес.**

«Егер үйдегі жағдай қиын болса, қайда жүгіну керек» жаднамасы таратылады (мектеп психологінің, сенім қызметінің, полицияның байланыс телефондары)

### **Рефлексия**

Сұрақтар:

- Сен өзің үшін жаңа не нәрсені білдің?

- Сені не таң қалдырды немесе есінде қалды?

## 1-қосымша

### II. 2.2 № 2 тапсырма. Жауап мысалы:

1-команда – шешім жолдары

#### 1-сұрақ. Жасөспірімдер үйден неліктен кетеді?

- Отбасындағы жанжалдар
- Жалғыздық сезімі
- Ересектерге деген сенімсіздік
- Зорлық-зомбылық немесе немқұрайлылық

#### 2-сұрақ. Қандай қауіптер бар?

- Балаға қатысты қылмыстар
- ПАЗ қолдану (психоактивті заттар: алкоголь, есірткі)
- Оқудан бас тарту
- Денсаулықты, тіпті өмірді жоғалту

#### 3-сұрақ. Жасөспірімнің өзі не істей алады?

- Сенімді ересек адаммен сөйлесе алады
- Балалардың сенім телефонына қоңырау шала алады
- Мектеп психологі қызметіне хабарласа алады

#### 4-сұрақ. Ересектер қалай көмектесе алады?

- Қолдау және назар аудару
- Айыптау емес, тыңдау
- Қауіпсіздік пен түсіністікпен қамтамасыз ету
- Қажет болған жағдайда әлеуметтік қызметтерге жүгіну

#### 5-сұрақ. Қайда жүгіну керек?

- 111 - Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығы (Қазақстан бойынша)

- Қорғаншылық органдары, мектеп психологі

#### 6-сұрақ. Мемлекет не істей алады?

- Отбасыларды қолдау бағдарламаларын көбейту
- Ата-аналармен жұмыс және зорлық-зомбылықтың алдын алу
- Отбасы мен балалық шақты қорғау орталықтары

#### 7-сұрақ. Қандай құндылықтар мен дағдылар көмектеседі?

- Көмек сұрай білу
- Өзін-өзі бағалау және өзіне сену
- Қарым-қатынас және жанжалдарды шешу дағдылары

## 2- қосымша

**Шағын тест: Қаңғыбастық және бала құқығын қорғау туралы не білесің?**

**Форматы: Иә / Жоқ**

Бала құқықтары

1. Баланың зорлық-зомбылықтан қорғалуға құқығы бар.

2. Егер сен 18 жаста болмасаң, полицияға жүгінуге құқығың жоқ.
3. Қазақстан Республикасында әрбір баланың білім алуға құқығы бар.
4. Мемлекет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғауға міндетті.
5. Егер сені бөтен отбасы өз үйінде паналатса, сенің мемлекеттің көмегіне жүгіну құқығың болмайды.

#### Қаңғыбастық және үйден кету

6. Егер жасөспірім ересектерсіз даланы паналаса – бұл қаңғыбастық деп саналуы мүмкін.
7. Үйден кету – қылмыс, ол үшін түрмеге қамайды.
8. Егер сен үйіңнен қашып кетсең де, сенімен полиция немесе балалар құқығын қорғау қызметкерлері сөйлесуі керек.
9. Қаңғыбастық көбінесе өмір мен денсаулыққа қауіп төндіреді.
10. Баспанасыз қалған жасөспірімдер Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жүгіне алады.

#### Жауапкершілік және қорғау

11. 14 жастан бастап жасөспірім қылмысы үшін жауапқа тартылуы мүмкін.
12. Егер баласы үйден жүйелі түрде кетсе, ата-аналар жауап береді.
13. Егер бала далада өмір сүрсе, бұл әрқашан баланың кінәсі.
14. Егер баланың өміріне қауіп төнсе, қамқоршылық органдары баланы отбасынан уақытша алып қоя алады.
15. Егер сен қиындыққа тап болсаң, сенім телефоны арқылы тегін көмек сұрай аласың.

#### Өмірлік жағдайлар

16. Егер сен ата-анаңмен ұрысып қалсаң, үйден кету – жалғыз жол.
17. Барлығын ішінде ұстағаннан гөрі, психологпен немесе ересек адаммен сөйлескен дұрыс.
18. Далада өмір сүретін бала мектептегі оқуын жалғастыра алмайды.
19. Балаларға отбасына оралуға немесе патронаттық отбасына қабылдануға көмектесетін ұйымдар бар.
20. Сенің қауіпсіздігің түсінбеушіліктен немесе жазаланудан қорқудан гөрі маңызды.

#### **Тест кілті**

| № сұрақ | Дұрыс жауап |
|---------|-------------|
| 1       | ИӘ          |
| 2       | ЖОҚ         |
| 3       | ИӘ          |
| 4       | ИӘ          |
| 5       | ЖОҚ         |
| 6       | ИӘ          |
| 7       | ЖОҚ         |
| 8       | ИӘ          |
| 9       | ИӘ          |
| 10      | ИӘ          |
| 11      | ИӘ          |
| 12      | ИӘ          |
| 13      | ЖОҚ         |
| 14      | ИӘ          |
| 15      | ИӘ          |
| 16      | ЖОҚ         |
| 17      | ИӘ          |
| 18      | ЖОҚ         |
| 19      | ИӘ          |
| 20      | ИӘ          |

#### **№4 САБАҚ**

### **ТАҚЫРЫБЫ: «МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ: КІМ КІНӘЛІ ЖӘНЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»**

**Мақсаты:** Оқушылардың құқықтық санасын, буллинг мәселесі мен оның салдарын түсіну және буллинктің алдын алу іскерлігін қалыптастыру

**Міндеттері:**

1. «Буллинг» ұғымын және оның түрлерін түсіндіру.
2. Оқушыларды буллинг жағдайларын және олардың алдын алу жолдарын тануға үйрету.
3. Буллинг мәселесін талқылау үшін қауіпсіз атмосфераны құру
4. Құқықтық сананы және буллинкті болдырмау жолдарын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Оқушылар буллинг не екенін анықтап, оның түрлерін тізіп бере алады.
- Оқушылар барлық қатысушылар үшін буллинктің салдары туралы хабардар болады.
- Оқушылар буллинкті тани алады және оның алдын алу жолдарын ұсына алады.

## **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі

1.1 Ми шабуылы

1.2 Құқықтық негіз

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок

2.2 Кейсті талдау

III. Қорытынды бөлім. Рефлексия

3.1 Рефлексия

3.2 Қорытындылау

V. Қосымшалар. Үдестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар

**Ұзақтығы:** 45 минут

**Материалдар:** кейс, жаднама, флипчарт немесе презентация, топтарға берілетін парақтар. Балалардың құқықтары мен буллинг туралы кейс-сабақтар.

## **Сабақ барысы:**

**I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі. (10 минут)**

*Сәлеметсіңдер ме, балалар!*

*Бүгін бізде ерекше, бірақ өте маңызды сабақ болады. Өкінішке орай, тіпті мектеп қабырғасында орын алуы мүмкін – буллинг туралы сөйлесеміз. Біздің сабағымыздың тақырыбы: «Мектептегі буллинг: кім кінәлі және не істеу керек?»*

*Сендер буллинг деген сөзді естіген шығарсыңдар. Бұл біреуді үнемі мазақтайтын, қорлайтын, онымен ешкім араласпайтын және кейде қорқытатын жағдайды білдіреді. Бұл сыныпта, мектеп дәлізінде, әлеуметтік желілерде — адамдар арасында байланыс бар кез келген жерде болуы мүмкін.*

*Кейде буллингті байқамайды. Кейде оны әзілмен шатастырады. Бірақ іс жүзінде бұл адамға: оның өзіне деген сенімділігіне, көңіл-күйіне, тіпті денсаулығына қатты әсер ететін мәселе.*

**Ми шабуылы**

**«Буллинг деген не?» Буллингтің жанжалдан айырмашылығы неде?**

**1. Сынып екі топқа бөлінеді.**

Әр топ буллингтің не екенін, оның қандай түрлерін білетінін, қай жерде болуы мүмкін екенін (мектепте, интернетте, т.б.) талқылап, өз ойларын жазады.

Содан кейін әр топ өз ойларын сыныпқа ұсынады. Тәлімгердің міндеті – қатысушылардың жауаптарын қорытындылау және буллингке анықтама беріп, оның түрлерін анықтау.

### **Құқықтық база:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30-бап: білім алу құқығы.
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы, 19-бап: зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау.
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, б. 127-2-бап: Буллинг (2025 жылдың сәуірінде енгізілген).

## **II. Негізгі бөлім (25 минут)**

### **2.1 Ақпараттық блок**

Буллинг – бұл бір адам немесе адамдар тобы басқа адамды жүйелі түрде қорқытатын, кемсітетін немесе қорлайтын агрессивті мінез-құлық түрі. Бұл нақты өмірде де, интернетте де болуы мүмкін. Буллинг бір рет болатын жағдай емес екенін түсіну маңызды, бұл жәбірленушіге ауыр зардаптар әкелуі мүмкін қайталанатын мінез-құлық.

### ***Буллингтің түрлері:***

#### **1. Вербалды буллинг:**

- бұл басқа адамды қорлау немесе кемсіту үшін сөздерді қолдану. Мысалы, мазақ ету, қорқыту, ат қою немесе үнемі сын айту.

#### **2. Физикалық буллинг:**

- бұл жәбірленушіге қарсы физикалық күш қолдану. Бұл итеру, ұру, соғу немесе физикалық зорлық-зомбылықтың басқа түрлері болуы мүмкін.

#### **3. Әлеуметтік буллинг (немесе салттық буллинг):**

- бұл адамды топтан шығару немесе олардың беделін түсіру әрекеті. Мысалы, қауесет тарату, жәбірленушімен қарым-қатынасты елемей немесе болдырмау.

#### **4. Кибербуллинг:**

о бұл интернетте немесе мобильді құрылғылар арқылы өтетін буллингтің бір түрі. Бұл адамның келісімінсіз қорлайтын хабарламаларды, әлеуметтік желілердегі жазбаларды, қоқан-лоққы немесе жеке ақпаратты таратуды қамтуы мүмкін.

### **Буллингтің салдары:**

Буллинг жәбірленуші үшін де, агрессор үшін де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Жәбірленушілерде депрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және тіпті суицид туралы ойлар сияқты психикалық денсаулық проблемалары болуы мүмкін. Агрессорлар мектептегі үлгерімнің нашарлауы, заңмен байланысты және басқа адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтар сияқты мәселелерге тап болуы мүмкін.

### **Буллингпен қалай күресуге болады:**

- **Көмек сұраңыз:** егер Сіз немесе Сіз білетін адам буллингке тап болса, сенімді ересек адаммен (ата-ана, мұғалім немесе мектеп психологі) сөйлесу маңызды.
- **Жалғыз қалмаңыз:** өз күйзелістеріңіз туралы достарыңыз немесе жақындарыңызбен бөлісіңіз.
- **Буллинг жағдайларын құжаттаңыз:** не болғанын, қашан және қайда болғанын жазыңыз. Егер көмекке жүгіну қажет болса, бұл кейінірек көмектесе алады.
- **Басқаларға қолдау көрсетіңіз:** егер Сіз біреудің буллингке тап ұшырап жатқанын көрсеңіз, бей-жай қарамаңыз. Жәбірленушіні қолдаңыз және бұл туралы ересектерге хабарлаңыз.

Есіңізде болсын, әркімнің қауіпсіздік пен құрметке құқығы бар және мектепте достық және қолдау атмосферасын құру үшін бірге жұмыс істеу маңызды.

### **2.2 Практикалық бөлім:**

**Кейспен жұмыс:** «Мектеп ауласындағы буллинг: жоғары сынып оқушылары кішкентайларға қарсы»:

9-сынып оқушылары 2-сынып оқушысын жүйелі түрде қорлаған: балағаттап, асханадан қуып шығатын, итеретін, видео түсірген. Мұғалімдер мұны көпке дейін байқамаған. Бейнежазбаны ата-ана көрген соң ғана тексеру жүргізілді. Агрессорлардың ата-аналарына айыппұл салынып, мектеп ұжымы жазаланып, жәбірленушіге көмек көрсетілді.

**Топтық талқылау – 20 минут.**

5 топқа бөлініңдер. Келесі сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер:

**1-топ: 2-сынып оқушысының қандай құқықтары бұзылды?** (Қауіпсіздік, құрмет, қорғау, білім алу құқығы).

**2-топ: Кім өзінің және қандай міндеттерін бұзды?** (жоғары сынып оқушылары – зиян келтірді; мектеп – қауіпсіздікті қамтамасыз етпеді; ата-аналар – қарамады)

**3-топ: Мұның салдары қандай болды?** (ата-аналарға айыппұл, мектеп қызметкерлеріне тәртіптік шаралар, жәбірленушіге психологиялық көмек көрсету)

**4-топ: Жағдайды қалай болдырмауға болар еді?** (үлкендерге хабарлау, уақытында назар аудару, әңгімелесу, бейнебақылау, сынып сағаттарын жүргізу)

**5-топ: Қатысушылардың әрқайсысы не істеу керек еді – оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар?**

Шешімдерді көрсету. **Әр топ** қысқаша шешімді ұсынады:

Мысалы:

«Біз жоғары сынып оқушылары кешірім сұрап, әдеп бойынша тренингтен өтуі керек деп есептейміз. Мұғалімдер кішілерге мұқият болуы керек. Ата-аналар балаларымен зорлық-зомбылыққа жол бермеу туралы сөйлесуі керек».

**Тәлімгер жауаптарды толықтырады және заңдарға сілтеме жасайды:**

«Буллинг заң бұзушылық болып табылады. Енді бұл тек мектепте ғана емес, Қазақстан Республикасының заңы бойынша да жазаланады. Ата-ана өз балаларының әрекетіне жауапты».

### **III. Қорытынды (10 минут)**

#### **3.1 Рефлексия: «Үш сұрақ»**

1. Не құнды болды?
2. Өзің үшін нені түйдің?
3. Осы сабақтан кейін нені басқаша істейсің?

#### **3.2 Қорытынды: Әрбір баланың құқықтары бар, сонымен бірге міндеттері де бар.**

Мектепте қауіпсіз ортаны құруда әрқайсымыз маңызды рөл атқара аламыз, басқаларға мұқият болу және басқалардың мәселелеріне бей-жай қарамау маңызды. Мәселені шешудің жолы әрқашан бар екенін және қасыңда саған көмектесуге дайын ересек адам бар екенін есінде сақта.

### **IV. Қосымшалар, үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар**

#### **1. Оқушыларға арналған жаднама: «Буллинг дегеніміз не?»**

- Буллингтің анықтамасы.
- Буллингтің түрлері.
- Мінез-құлық мысалдары.

#### **2. «Буллингті қалай тануға болады?» чек-парағы**

- Буллинг белгілері.
  - Егер Сіз буллингтің куәсі болсаңыз не істеу керек.
  - Егер Сіз құрбан болсаңыз, өзіңізді қалай ұстау керек.
3. **Нұсқаулық: «Буллинг құрбанына қалай көмектесуге болады?»**
- Қолдау және эмпатия.
  - Ересектерге қалай хабарлау керек.
  - Мектепте буллингтің алдын алу жолдары.

**Қосымша үй тапсырмасы:**

«Егер мен буллингтің куәсі болсам, қалай көмектесе аламын?» тақырыбы бойынша қысқа эссе жазу

## **№5 САБАҚ**

### **ТАҚЫРЫБЫ: «КИБЕРБУЛЛИНГ»**

**Мақсаты:** Оқушыларда «кибербуллинг» ұғымы, оның түрлері мен салдары, оған қарсы әрекет ету жолдары туралы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ цифрлық ортадағы өз әрекеттеріне саналы түрде жауапкершілікпен қарау және қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту.

**Міндеттері:**

1. Кибербуллинг жағдайында әрекет ету алгоритмімен таныстыру.
2. Сыни тұрғысынан ойлау мен өмірлік жағдайларды талдау қабілетін дамыту.
3. Онлайн және оффлайн кеңістікте төзімділік пен басқа адамдарға құрмет сезімін тәрбиелеу.
4. Интернеттегі жеке әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Сабақтан соң білім алушылар:**

- Кибербуллинг не екенін түсіндіре алады және оның түрлерін атайды.
- Кибербуллингке қатысты жағдайларды анықтай алады.
- Көмекке кімге жүгінуге болатынын біледі.
- Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін қолданады.
- Желіде жасаған әрекеттері үшін жауапкершілік қабылдайды.

**Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі.

1.1 Сәлемдесу, жағымды атмосфера қалыптастыру.

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок: «Кибербуллинг деген не, оны қалай анықтап, қорғануға болады?»

2.2 Топтық жұмыс – жағдаяттарды, кейсті талдау

2.3 «Цифрлық қауіпсіздік ережелері» жаднамасын құрастыру

III. Қорытынды. Рефлексия. Кері байланыс

IV. Қосымшалар. Үлестірме материалдар, кейстер, жаднамалар, нұсқаулықтар.

**Ұзақтығы:** 45 минут

## Сабақ барысы

### I. Кіріспе бөлім(5 минут)

#### 1.1 Сәлемдесу, жағымды атмосфера қалыптастыру.

«Сәлеметсіздер ме! Бүгін біз маңызды әрі өзекті тақырып — кибербуллинг жайында әңгімелесеміз. Бұл — интернетте әркімнің басынан өтуі мүмкін мәселе. Бүгін біз оны қалай тануға және өзімізді қалай қорғауға болатыны туралы білеміз».

#### Сұрақтар:

- Сіз интернетте көбіне немен айналысасыз?
- «Кибербуллинг» деген сөзді бұрын естідіңіз бе?
- Интернеттегі дәрежелілік пен өмірдегі шынайы қорлауды салыстыруға бола ма? Неліктен?
- «Адамды интернетте ренжітсе, ол өзін қалай сезінуі мүмкін деп ойлайсыз?»
- Интернеттегі қорлаушыдан адам өзін қорғай ала ма?
- «Кейбір жасөспірімдер интернеттегі қорлау туралы ересектерге неліктен айтуға қорқады деп ойлайсыз?»

Елестетіп көріңіз, досыңыз интернетте қорлық көрді — сіз оған қандай кеңес берер едіңіз?

### II. Негізгі бөлім(35 минут)

#### 2.1 Ақпараттық блок

**Кибербуллинг** — бұл адамды интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы жүйелі түрде қудалау, қорлау немесе кемсіту.

**Кибербуллинг** — бұл интернет желісіндегі мүмкіндіктерді пайдалану, атап айтқанда электрондық пошта, әлеуметтік желілер, электрондық платформалар, мессенджерлер, медиахостингтер, қысқа хабарламалар қызметі (SMS) және т.б. арқылы көрсетілетін агрессивті қудалау, қорлау немесе қауіп төндіру.

Кибербуллингтің бірнеше түрі бар: хейтинг, флэйминг, троллинг, гриффинг, секстинг және т.б.

• **Хейтинг (hating)** – әлеуметтік желілерде қорлайтын, кемсітетін пікірлер қалдыру арқылы жеккөрушілікті ашық білдіру.

• **Троллинг (trolling)** – әдейі мазақ ету, реакция тудыру мақсатында түрлі жағдайларды қойылым түрінде жасап, реакция тудыру.

• **Флэйминг (flaming)** – көп адам қатысатын, арандатушы пікірден басталатын пікірталас. Мақсаты – қарсы көзқарастағы адамдарды көптеп тарту. Жиі түрде жеке басты қорлау кездеседі.

• **Киберсталкинг (cyberstalking)** – цифрлық технология арқылы адамды қудалау, бақылау, кейде қоқан-лоқы көрсету, шантажбен сүйемелденуі мүмкін.

• **Гриффинг (griefing)** – онлайн-ойындарда қарсыластардың ойынын әдейі бұзу, оларды шатастыру немесе жанжал тудыру.

• **Секстинг (sexting)** – интимдік сипаттағы фотолар мен видеоларды тарату. Кейде бұл материалдар бопсалау үшін қолданылады.

**Кибербуллингтің көріністері:**

1. әлеуметтік желілердегі қорлайтын пікірлер;
2. мессенджерлер немесе SMS арқылы қорлау;
3. фото немесе видео редакторлар арқылы жасалған қорлайтын суреттер немесе видеолар тарату;
4. бопсалау, интернет желісінде жәбірленуші туралы беделін түсіретін ақпаратты тарату қаупі;

5) ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылған, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қасақана қорлауға бағытталған өзге де іс-әрекеттер.

Кибербуллинг пен дәстүрлі буллингтің ұқсастықтары: ұзақ уақытқа созылуы, агрессивтілік, рөлдердің бөлінуі, куәгерлердің болуы.

Сонымен қатар, кибербуллингке кейбір ерекшеліктер тән:

Көбінесе агрессор жасырын әрекет етеді немесе жалған есімді қолданады.

Анонимділік агрессорды жігерлендіреді, ол әшкереленуден және жазаланудан қорықпайды.

Белгілі бір аумақта локализацияланған әдеттегі буллингтен айырмашылығы, кибербуллинг барлық жерде, соның ішінде үйде де болуы мүмкін.

Кибербуллинг «цифрлық із» деп аталатын нәрсені қалдырады, яғни оның көріністері іс жүзінде жойылмайды. Бұл факт жәбірленушінің күйзелісін ауырлатады және өте жағымсыз, кейде өлімге әкелетін салдарға негіз болуы мүмкін.

Интернеттегі қудалаудағы куәгерлердің саны шексіз болуы мүмкін.

Дәл осы факт жәбірленушінің жағдайын нашарлатады және оның мазасыздық, ұят, қорлау, қорқыныш сезімдерін күшейтеді.

Мұндай жағдайларда жәбірленушіні таңдау мүлдем кездейсоқ болуы мүмкін, агрессор мен жәбірленушінің танысу дәрежесі маңыздылығын жоғалтады.

Сондай-ақ, әдеттегі буллинг сияқты, кибербуллерлердің құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтары, жалғыз, тұйық болуы мүмкін.

Кибербуллинг кезінде агрессор әдеттегі буллинг сияқты мақсатты көздейді – өзінің беделі мен өзін-өзі бағалауын арттыру, жәбірленушіні кемсіту және қорлау арқылы көтерілу.

Агрессор жәбірленушінің айыптайтын ақпаратты жария етуден қорқуын пайдалана алады. Бұл оған біреудің өмірін бақылау елесін береді, осылайша оның маңыздылығын арттырады.

Кибербуллинг құрбаны екенін білдіретін белгілер:

- интернетте көп немесе өте аз уақыт өткізу;
- құрылғыларын жасыру, экранды жабу, іздеу тарихын өшіру;
- әлеуметтік желі аккаунттарын жою немесе жаңасын ашу;
- телефон нөмірін ауыстыруды сұрау;
- интернеттегі мазмұнға эмоциялық реакция білдіру.

## 2.2 Топтық жұмыс

### 2.2.1. Кейсті талдау:

**Кейс: «Чаттағы қорлайтын хабарламалар: жай қалжың ба, әлде құқық бұзушылық па?»**

Талғар ауданында бір оқушының анасы полицияға шағымданды. Үш оқушы әлеуметтік желілер арқылы оның ұлына үнемі қорлайтын хабарламалар жіберіп отырған. Тексеру нәтижесінде сот бұзақы оқушылардың ата-аналарын заң бойынша — кибербуллинг үшін жауапкершілікке тартты.

#### **Талқылауға арналған сұрақтар (10 мин):**

1. Хабарлама жіберген оқушылар қандай қателік жіберді?
2. Неліктен бұны жай қалжың деп айтуға болмайды?
3. Жәбірленуші қандай сезімдерді бастан кешіруі мүмкін?
4. Егер бұзақының жасы 14-ке толмаса, кім жауап береді?
5. Егер сен біреуді интернетте қорлап жатқанын көрсен, не істеу керек?
6. Егер сенің өзің кибербуллинг құрбаны болсаң, не істеу қажет?

Қайдан көмек сұрауға болады?

Әр топ өз шешімін ұсынады (5 мин).

### 2.3 Төмендегі видеоны көріп, тапсырманы топтарда орындау:

<https://www.youtube.com/watch?v=VBYeW5JtLWw>

**Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлықтың 10 ережесін құрастырыңыз, олар:**

- кибербуллингтен қорғануға көмектеседі;
- желіде келеңсіз жағдайларға тап болудан сақтайды;
- репутацияңызды және қауіпсіздігіңізді сақтауға мүмкіндік береді.

#### **Ресімдеу түрі (таңдау бойынша):**

- ережелер тізімі;
- шағын жадынамалар;
- комикс немесе постер.

#### **Жетекші сұрақтар:**

Интернетте НЕ істеуге болмайды?

Қорлаушылардан қалай қорғануға болады?

Құқығың бұзылса, не істеу керек?

Көмекке кімге жүгінуге болады?

Ережелеріңізді сынып алдында таныстырыңыздар.

#### **Ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқушыларға арналған 10 ереже:**

1. Құпия сөздерді ешкімге айтпа — тіпті ең жақын досыңа да. Құпия сөз — бұл сенің цифрлық үйіңнің «кілтін».
2. Ата-анаңның рұқсатынсыз интернеттегі бейтаныс адамдармен кездеспе. Желіде кез келген адам өзге біреудің атын жамылуы мүмкін.
3. Жеке суреттер мен деректерді көпшілікке жариялама. Мекенжайыңды, мектебіңді, телефон нөміріңді жазу — қауіпті.
4. Бейтаныс адамдардан келген хаттар мен сілтемелерді ашпа. Бұл вирус немесе алаяқтық болуы мүмкін.

5. Жазбас бұрын жақсылап ойлан. Интернетке жүктелген нәрсе ұзақ уақыт сақталады.

6. Қорлауға қатыспа, өсек пен тіл тигізуді таратпа. Бұл басқаларға ауыр тиіп, заңды салдары болуы мүмкін.

7. Егер біреу дөрекі жазса — жауап берме, скриншот жасап, ересектерге айт.

8. Қауіпсіз құпиясөз орнатып, оны жиі ауыстырып отыр. Әріптер, сандар және таңбаларды қолдан. Бір құпиясөзді бірнеше жерде пайдаланба.

9. Жеке мәліметтеріңнің қорғалуын бақыла. Профильдеріңе тек достарың ғана қол жеткізе алатындай етіп бапта.

10. Егер қауіп сезінсең — ата-анаңа, мұғалімге, мектеп психологіне немесе 111- Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығына көмекке жүгін.

### III. Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі:



Түсінбедім, түсіндіру қажет

Жартылай түсіндім, сұрақтарым бар

Барлығы түсінікті, тақырып маңызды

## №6 САБАҚ

### ТАҚЫРЫБЫ: ВАНДАЛИЗМ

**Мақсаты:** Жасөспірімдерде вандализм туралы түсінік қалыптастыру, бұзақылық әрекеттері үшін жауапкершілік туралы ақпарат беру және сыйластық пен мәдениеттілікке баулу.

#### Міндеттері:

1. «Вандализм» түсінігі және оның формалары туралы түсінік беру;
2. Вандализмнің көрінуіне ықпал ететін себептерді зерттеу;
3. Вандализмнің құқықтық және әлеуметтік салдарын көрсету;
4. Вандализмнің алдын алуға бағытталған бірлескен мінез-құлық ережелерін әзірлеу.

#### Күтілетін нәтижелер:

1. Вандализм ұғымын және оның жағымсыз салдарын нақты анықтай алады.
2. Қоғамдық мүлікті сақтау жауапкершілігін түсінеді.
3. Өздерінің мінез-құлқының себептерін және вандализмге байланысты құрдастарының мінез-құлқын анықтай алады.
4. Өз мектебінде вандализмнің алдын алу бойынша нақты ұсынымдар әзірлейді.

#### Жоспар:

##### I. Ұйымдастыру кезеңі

1.1 Сәлемдесу

1.2 Мотивациялық қызығушылықты ояту

## II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок

2.2 «Вандализм: анықтау және алдын алу» ойыны

2.3 Кейс: «Сурет салды — бүлдірді ме?»

2.4 Жағдайды шешу

2.5 Топтық жұмыс

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытынды жасау

**IV. Қосымшалар.** Үлестірме материалдар, флипчарт, жадынамалар, нұсқаулар.

**Ұзақтығы** 45 минут

**Ресурстар:** кейс, үлестірме материалдар, флипчарт, жадынамалар, нұсқаулар.

## Сабақ барысы

### I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)

#### 1.1 Сәлемдесу.

Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.

#### 1.2 Мотивациялық қызығушылықты ояту:

*«Сендер соңғы рет қоғамдық мүліктің бүлінгенін қай жерде көрдіңдер? Бұл неліктен болды деп ойлайсыңдар?»*

### II. Негізгі бөлім (35 минут)

#### 2.1 Ақпараттық блок

Түсініктеме беру:

**Вандализм** — бұл қоғамдық мүлікке, өнер ескерткіштеріне, ғимараттарға, табиғатқа әдейі зиян келтіру әрекеті.

#### **Формалары:**

- Қабырғаға жазу, сурет салу (граффити);
- Қоғамдық объектілерді сындыру және зақымдау (орындықтар, есіктер);
- Жыртылған кітаптар, мектеп мүлкіне зақым келтіру

#### **Себептері:**

- Назар аударту ниеті;
- Жасөспірімдік максимализм;
- Жауапкершілік пен тәрбие деңгейінің төмендігі;
- Тұрақты бос уақыттың болмауы

*ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабы: Ұсақ бұзақылық (вандализм элементтерімен) — айыптул немесе әкімшілік жауапкершілік. Ата-аналар мен оқушылардың материалдық жауапкершілігі.*

#### 2.2 «Вандализм: анықтау және алдын алу» ойыны

Ойынның мақсаты: Жасөспірімдерді вандализмнің әртүрлі түрлерімен таныстыру. Вандализмнің әрбір түрінің салдарын талқылау. Сыни тұрғыдан ойлау, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту

*Тапсырма:*

Вандализмнің түрлерін олардың сәйкес салдарымен салыстырып, талқылаңдар. Мысалы, команда ғимараттың қабырғаларындағы граффитидің салдары қандай болуы мүмкін екенін шешуі керек.

**Ойын барысы:**

Карточкаларды тарату. Әр командаға вандализм түрлерін сипаттайтын карточкалар жинағын және салдарын сипаттайтын үлестірмелер жинағын беріңіз.

**Жұмыстарды таныстыру**

1. Әр топ өз нәтижелерін кезекпен көрсетеді. Олар вандализмнің қандай түрін таңдағанын және оның салдары қандай екенін түсіндіруі керек.

2. Қалған командалар сұрақтар қойып, ұсынылған нұсқаларды талқылай алады.

**Презентациялардан кейін топтық талқылау:**

1. «Сендерге вандализмнің қандай түрлері ең ауыр болды және неліктен?»

2. «Мұндай вандализм түрлерін болдырмау үшін, біз не істей аламыз?»

3. «Айналамызды вандализмнен қорғау үшін әрқайсымыз не істей аламыз?»

**2.3 Кейс: «Сурет салдың – бүлдірдің бе?»**

8-сыныптың үш оқушысы сабақтан кейін мектеп спорт залының қабырғаларын мұғалімдермен келіспестен граффитимен «безендіруге» шешім қабылдады. Олар бүріккіш бояу қолданып, жақында аяқталған жөндеу жұмыстарын бүлдірді. Ата-аналары мектепке шақырылып, оқушылардан бүлінген мүлікті өз күштері мен қаражаттарымен қалпына келтіру талап етілді. Оларға мұндай әрекеттер шығармашылық емес, вандализм екені түсіндірілді.

**Топтық талқылау.**

Берілген сұрақтарды қолдана отырып, 5 топқа бөлініңдер. Берілген сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер:

**1-топ: Оқушылардың бұл әрекетін неліктен бұзақылық деп атауға болады?**

(Олардың мінез-құлқының заңға немесе мектеп ережесіне қайшы келетінін түсіндіріңдер.)

**2-топ: Граффити өнері мен вандализмнің арасындағы айырмашылық неде?**

(Оқушылардың шығармашылық пен қоғамдық тәртіп ұғымдарын ажыратуына көмектеседі.)

**3-топ: Оқушылар бұл әрекетке не себепті барды деп ойлайсыңдар?**

(Ықтимал себептерді анықтауға және мәселе туралы сыни тұрғыдан ойлануға көмектеседі)

**4-топ: Осы жағдайдан кейін оқушылар мен олардың ата-аналары қандай жауапкершілікке тартылады?**

(Құқықтық және моральдық жауапкершілік туралы ойлауға ынталандырады.)

## **5- топ: Осы жағдайды болдырмау үшін мектеп қандай шаралар қолдануы мүмкін?**

(Оқушылардың тәртіп, келісім, жауапкершілік жайлы ойлануына түрткі болады.)

### **2.4 Жағдаяттың шешімін табу. Әр топ қысқаша шешім ұсынады**

Мысалы:

Оқушылардың спорт залының қабырғасына граффити салып, жөндеуден өткен мүлікті бүлдіруі, қасақана қоғамдық мүлікке зиян келтіру болып табылады және бұзақылыққа жатады. Вандализмнің алдын алу үшін мектептерде тәрбие мен құқықтық білім беру шараларын күшейту керек. Заңдар мен ережелерді сақтай отырып, жастардың шығармашылық қабілеттерін дұрыс арнада дамыту қажет. Тәртіп бұзу жағдайлары орын алмауы үшін қоғамның, ата-аналардың және мектептердің бірігіп жұмыс істеуі маңызды.

### **2.5 Топтық жұмыс**

Тапсырма: топпен бірігіп, «Біздің мектебімізде вандализмнің алдын алу жолдары» тақырыбында 5 нақты ұсыныс жазыңдар.

Мысал:

1. Мектепке арнайы шығармашылық қабырға жасау (граффитиге рұқсат етілетін орын);
2. Арнайы бейнебақылау орнату;
3. Ата-аналар жиналысын өткізу;
4. Үзілістерді мазмұнды өткізу (үйірмелер, спорттық сабақтар);
5. Тәртіп бұзушылармен ашық әңгіме жүргізу.

## **III. Қорытынды (5 минут)**

### **3.1 Рефлексия**

«Вандализм – бұл...» сөйлемін жалғастыру арқылы шеңберде қысқаша пікір білдіру.

Оқушылардың қоғамдық мүлікке зиян келтіруі — бұл тек құқықтық емес, моральдық және әлеуметтік мәселе. Вандализмнің алдын алу үшін мектептерде тәрбие мен құқықтық білім беру шараларын күшейту керек. Заңдар мен ережелерді сақтай отырып, жастардың шығармашылық қабілеттерін дұрыс арнада дамыту қажет. Тәртіп бұзу жағдайлары орын алмауы үшін қоғамның, ата-аналардың және мектептердің бірігіп жұмыс істеуі маңызды.

*Қоғамдық кеңістік – бәріміздің ортақ үйіміз. Оны сақтау – әр адамның борышы.*

**Қосымша үй тапсырмасы** (қажет болса):

«Менің қаламдағы (ауылымдағы, мектебімдегі) қоғамдық кеңістікті сақтау жолдары» тақырыбында шағын эссе жазыңдар (5-7 сөйлем).

### **1-қосымша**

Берілген тапсырмаға заңдарды толықтырып және оларға сілтеме жасаңыз:  
ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі, 434-бап «Ұсақ бұзақылық» — қоғамдық орындарда мәдениетсіз, тәртіпсіз әрекеттер

*жасағаны үшін айыппұл салуға, ескерту жасауға немесе әкімшілік жаза қолдануға негіз болады».*

Бұл заңның негізінде қоғамдық орындарда рұқсатсыз әрекеттер жасаған оқушылардың ісі әкімшілік құқықбұзушылық ретінде қаралуы мүмкін. ҚР Қылмыстық кодексі, 188-бап (Ұрлық және вандализм): *Қоғамдық орындарда немесе жеке меншіктегі мүлікті қасақана бүлдіру немесе зақымдау заңсыз әрекет болып табылады және әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін».* Бұл заңда оқушылардың іс-әрекеттері қоғамдық мүлікке зиян келтірсе, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту негіздері қарастырылған.

Білім туралы заңы, 23-бап (Оқу процесін ұйымдастыру): *Мектептерде тәртіпті сақтау, оқушылардың мінез-құлқына бағыт беру үшін оқу-тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру қажет.*

Бұл заң мектептердің оқушылардың құқықтық және моральдық тәрбиесіне қатысты жауапкершілігін бекітеді. Мектептерде тәртіп бұзу жағдайларын болдырмау үшін дұрыс тәрбие шаралары мен іс-шараларды ұйымдастыру маңызды.

ҚР Балалар құқығын қорғау туралы заң, 12-бап  
(*Балалардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған шаралар*):  
*Балалардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған шаралар мен білім беру іс-шаралары қажет.*

Бұл заң балаларға дұрыс тәрбие мен даму мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді. Мектептер мен ата-аналар балалардың мінез-құлқын бақылап, оларды қоғамдық мүлікті құрметтеуге тәрбиелеуі керек.

§62, Неке және отбасы туралы Заң (Ата-ананың жауапкершілігі):

Ата-аналар даму мен тәрбие үшін жағдай жасауға жауапты .

Бұл заңда ата-аналардың балалардың әрекеттеріне жауапкершілігі көрсетілген, яғни балалардың заңсыз әрекеттері үшін олар да жауап береді. Мұндай жағдайларда ата-аналар материалдық шығынды өтеуге міндетті болады.

## **№7 САБАҚ**

### **ТАҚЫРЫБЫ: «ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ»**

**Мақсаты:** Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін, кейстерді талдау және сыни ойлауды дамыту арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алу дағдыларын қалыптастыру.

#### **Сабақтың міндеттері:**

1. Оқушыларды зорлық-зомбылық және құқықтық жауапкершілік ұғымдарымен таныстыру.
2. Жанжалды жағдайларды талдау және шешу дағдыларын дамыту.

3. Топта жұмыс істеу және маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылау қабілетін қалыптастыру.

4. Оқушылардың негізгі құқықтары мен міндеттерімен таныстыру арқылы олардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру.

5. Эмпатияның дамуына және зорлық-зомбылықтың салдарын түсінуге ықпал ету.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқушылар зорлық-зомбылықтың не екенін және оның түрлерін нақты анықтай алады.

2. Оқушылар зорлық-зомбылыққа қатысты өз құқықтары мен міндеттерін білетін болады.

3. Оқушылар алған білімдерін нақты жағдайларды (кейстерді) талдау үшін қолдана алады.

4. Оқушылар командада жұмыс істеуді және бірлескен шешімдер әзірлеуді үйренеді.

#### **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі.

1.1 «Ми шабуылы»

1.2 «Сұрақ карталары»

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок: құқықтық негіздер

2.2 Кейсті талдау (жағдаятты талдау).

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытындылау рефлексиясы

3.1 «Бекіту» рефлексиясы

IV. Қосымшалар. Үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар.

**Ұзақтығы 45 минут**

### **Сабақ барысы**

#### **I. Кіріспе бөлім (10 минут)**

##### **1.1 Ми шабуылы**

Тақтаға (немесе экранға) «Зорлық-зомбылық» сөзін жазамыз.

Оқушыларға 2-3 минут ішінде «зорлық-зомбылық» сөзіне қатысты ассоциацияларды атауды ұсынамыз. Барлық жауаптарды анық немесе күрделі болып көрінсе де жазамыз. Зорлық-зомбылықтың түрлерін (физикалық, психологиялық, жыныстық, экономикалық, кибербуллинг және т. б.) бөліп көрсете отырып, алынған тізімді талқылаймыз.

**Зорлық-зомбылық** – «бұл жаракат салу, қатыгездік немесе кісі өлтіру үшін физикалық күш қолдану». Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) анықтамасы да қолданылады, яғни ол «өзіне, басқа адамға, адамдар тобына немесе қауымдастыққа қарсы бағытталған нақты немесе қауіп түрінде физикалық күшті немесе билікті қасақана қолдану, оның нәтижесі (немесе

ықтималдығы жоғары) дене жарақаты, өлім, психологиялық жарақат, дамудағы ауытқулар немесе әртүрлі зиян келтіру.

## **1.2 Сұрақ карточкалары:**

Әр оқушыға зорлық-зомбылық тақырыбы бойынша бір сұрақ (немесе бірнеше қысқа сұрақ) бар карточка береміз.

Сұрақтар:

1. Физикалық зорлық-зомбылық дегеніміз не?
2. Зорлық-зомбылық туралы естігенде қандай эмоциялар пайда болады?
3. Зорлық-зомбылықтың қандай белгілерін білесіңдер?
4. Зорлық-зомбылық жағдайында кімнен көмек сұрауға болады?
5. Кибербуллинг дегеніміз не?

Оқушылар өз сұрақтарына кезекпен қысқа жауап береді. Бастысы, дұрыс жауап алу емес, талқылауды бастау және білімді белсендіру.

## **II. Негізгі бөлім (30 минут)**

### **2.1 Ақпараттық блок:құқықтық негіздер (5 минут)**

Форматы: әңгімелесу және көрнекі материалдарды көрсету элементтері бар шағын дәріс.Зорлық-зомбылық түрлері (7 минут):

Зорлық-зомбылықтың түрлері туралы қысқаша және түсінікті етіп айтамыз:

**Физикалық:** ұрып-соғу, аяқпен тебу, итеру, тұншықтыру және т. б.

**Психологиялық:** қорлау, қорқыныш сезімін ояту, мазақ ету, бопсалау, қорқыту, елемеу.

**Сексуалдық:** келісімсіз жыныстық сипаттағы кез келген әрекет.

**Экономикалық:** қаржыны бақылау, күнкөріс қаражатын беруден бас тарту.

**Кибербуллинг:** интернеттегі қорлау (әлеуметтік желілердегі қорлау, қауесет тарату, онлайн-ойындардағы қорлау және т.б.).

Өмірден алынған мысалдарды қолданамыз (қарапайым әңгімелер ойлап табуға болады).

Зорлық-зомбылық әртүрлі нысандарда және әртүрлі жағдайларда көрінуі мүмкін екендігіне назар аударамыз.

### **Құқықтық база:**

- ҚР«Бала құқықтары туралы» Заңы
- ҚР Қылмыстық кодексі – жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау
- Балаларға арналған психологиялық көмек
- Қадір-қасиетті қорғау және құрметтеу құқықтары.

### **2.2 Кейстермен жұмыс**

**7- сынып.**

**1-тапсырма. Топтарда кейсті талдау және:**

1. Бала құқықтары туралы инфографика;
2. «Егер сен немесе досың қиындыққа тап болса, не істеу керек?» жаднамасын;
3. «Сөйлеуден қорықпа» постерін әзірлеу:

**Кейс. «Досыңмен жағымсыз нәрсе болғанын қалай түсінуге болады?»**

8-сынып оқушысы М.А.Е. үрейлі, мінезі тұйық қыз. Мектеп психологі онымен сөйлескенде, қыз бірнеше жыл бұрын көршісі, кейінірек өгей әкесі оған зорлық-зомбылық жасағанын айтты. Полиция мен сотқа жүгінгеннен кейін, екі ересек адам да жазаланды. Қазір қызбен психологтер оның қалпына келуіне көмектесу үшін жұмыс істеуде.

**2-тапсырма. Топтық талдау. Сыныпты топтарға бөлу. Төмендегі сұрақтарды талдап, жауап әзірлеу.**

1. Неліктен балалар зорлық-зомбылық туралы жиі үндемейді?
2. Баланың өзін нашар сезінетінін қандай белгілерден байқауға болады?
3. Егер сенің досыңның басынан зорлық-зомбылық жағдайы өтіп жатса, сенің әрекетің қандай болмақ?
4. Неліктен мектеп психологіне немесе ересектерге сену маңызды?
5. Мектепте немесе мектептен тыс жерлерде кім көмектесе алады?

**Әр топ өз жұмысын сыныпқа таныстырады.**

**Қорытынды мысалдары:**

- «Егер сен сыныптасыңның қайғылы, тұйық екенін көрсең, онымен сөйлесіп, көмек ұсынған дұрыс».
- Психолог, әлеуметтік педагог, мұғалім – сенуге болатын ересектер.»
- Үндемей қалуға болмайды. Үнсіздік бұзақыға өз ісін жалғастыруға мүмкіндік береді».

**8-сынып**

**1-тапсырма**

**Кейспен жұмыс.**

**Кейс: «Үйде зорлық-зомбылық орын алса, қалай көмектесуге болады?»**

8-сынып оқушысы Р. ұзақ уақыт бойы өгей әкесі мен туған анасының зорлық-зомбылығына ұшырады. Мұғалімдер қорқыныш пен үрей белгілерін байқамады. Барлығы органдардың араласуынан кейін ғана ашылды. Анасы мен өгей әкесі сотталды. Мектептің бірнеше қызметкері мәселені уақытында байқамағаны үшін жазаланады.

**Топтық талдау. Сыныпты топтарға бөлу.**

1. Зорлық-зомбылықтың белгілері қандай болуы мүмкін екенін анықтаңдар.
2. Қалай дұрыс әрекет ету керектігін талқылаңдар: не айту керек, кімге жүгіну керек, нені істемеу керек.

**2 тапсырма:**

**Топтарда талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Отбасында нені зорлық-зомбылық деуге болады?
2. Балалар зорлық-зомбылық көрген жағдайда неге кейде үнсіз қалады?
3. Мұндай жағдайларда кім көмектесе алады?
4. Баланың үйде зорлық-зомбылыққа ұшырағанын көрсететін белгілерді атаңдар
5. Егер сен біреудің зорлық-зомбылыққа ұшырағанын білсең, не істер едің?

6. Мектеп пен мұғалімдер неге жауапкершілікті арқалайды?

**Әр топ өз жұмысын сыныпқа таныстырады.**

**Жауап мысалдары:**

- «Бала үйде өзін қауіпсіз сезінуі керек. Егер оны ұрса немесе қорқытса, бұл – қылмыс».
- «Үндемеуге болмайды. Мектеп психологі, мұғалімдер, полиция бар».
- «Достар қолдау көрсетіп, көмек сұрауға көмектесуі керек».

**Тәлімгер баса назар аудартады:**

«Сендердің үндерің маңызды. Айтудан қорықпаңдар – бұл жала емес, өзінді және басқаларды қорғау»

**III. Қорытынды (5 минут)**

Бүгін біз зорлық-зомбылық деген маңызды және өзекті тақырыпты, оның түрлерін, себептері мен салдарын талдадық. Біз зорлық-зомбылық тек физикалық формада ғана емес, психологиялық, экономикалық және жыныстық жағынан да көрінуі мүмкін екенін білдік. Осы аспектілерді түсіну бізге бұл құбылыстың біздің қоғамда қаншалықты маңызды екенін түсінуге көмектеседі. Естеріңе сала кетейік, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол берілмейді және әркімнің қауіпсіз және құрметті өмір сүруге құқығы бар. Достарымыз бен жақындарымызға мұқият болайық, шындық пен әділеттілік жағында болайық. Біз бірге құрмет пен өзара түсіністік орнаған зорлық-зомбылықсыз қоғам құра аламыз.

**3.2 «Бекіту» рефлексиясы.**

Жүргізуші сұрақтар қояды, оларға әркім өз қалауы бойынша ауызша немесе карточкаға жазып жауап бере алады:

- Бұл маған өмірде пайдалы болады.
- Сабақ барысында туындаған барлық сұрақтарға жауап алдым.
- Сабақта ойлануға болатын нәрсе болды.

## **№8 САБАҚ**

**ТАҚЫРЫБЫ: АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ТӘУЕЛДІЛІК): ПСИХОБЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ (ПБЗ) ҚОЛДАНУ**

**Мақсаты:** оқушыларда аддиктивті мінез-құлық, психобелсенді заттарды (ПБЗ) қолданудың себептері мен зиянды әсерлері туралы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ денсаулығы мен мінез-құлқына саналы және жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту.

**Міндеттері:**

1. Аддиктивті мінез-құлық ұғымын түсіндіру және оқушыларда психобелсенді заттарды (ПБЗ) пайдаланудың теріс салдарын талдау дағдыларын дамыту.

2. Психобелсенді заттарды (ПБЗ) қолданудың физикалық, психикалық және әлеуметтік салдарын қарастыру.

3. Қысым көрсеткен жағдайында бас тарту, сыни ойлау және сенімді мінез-құлық дағдыларын дамыту.

4. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру және салауатты, мағыналы өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсінуге ықпал ету.

### **Күтілетін нәтижелер:**

- Оқушыларда аддиктивті мінез-құлық және психобелсенді заттар (ПБЗ) туралы түсінік қалыптасады.
- Психобелсенді заттарды (ПБЗ) қолданудың ықтимал себептері мен салдарын анықтай алады.
- Қауіпті жағдайларды танып және психобелсенді заттарды (ПБЗ) пайдалану ұсыныстарынан бас тарту тәсілдерін біледі.
- Жаман әдеттерге қатысты саналы ұстанымды көрсетеді және жеке жауапкершілікті түсінеді.

### **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі

1.1 Амандасу және тақырыппен таныстыру

1.2 Мотивациялық қызығушылық: «Ассоциация»

1.3 Құқықтық база

II. Негізгі бөлім

2.1 Старс-әңгімелесу: сұрақтар бойынша шағын әңгіме

2.2 Ақпараттық блок: аддиктивті мінез-құлық және психикаға әсер ететін белсенді заттарды қолдану дегеніміз не?

2.3 «Иә — Жоқ» жаттығуы

2.4 «Салдар тізбегі» топтық жұмысы

2.5 «Бас тарту күші» шығын рөлдік ойыны

2.6 Кейстерді талдау

2.7 Топтық жұмыс

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Шағын сауалнама

3.2 Тренингті аяқтау

**IV. Қосымша.** Үлестірмелі материал, презентация, стикерлер, жасыл және қызыл түсті карточкалар (оқушылар саны бойынша әр түстің стикерлері), жағдаяттары бар карточкалар, плакаттар, бейнематериалдар.

**Ұзақтығы 45 минут**

### **Сабақ барысы**

Аддиктивті мінез-құлық (тәуелділік, бейімділік) деструктивті мінез-құлықтың бір түрі, онда адам психикалық күйді өзгертетін заттарға тәуелділікті көрсетеді, бұл оның денсаулығына, әлеуметтік өміріне және психикалық күйіне теріс әсер етеді.

**I. Кіріспе бөлім (8 минут)**

**1.1 Амандасу және жағымды атмосфера орнату**

*«— Сәлеметсіңдер ме, балалар!»*

*Мен бүгін сендерді көргеніме қуаныштымын. Бүгін біз жасөспірім кезде жиі кездесетін, бірақ әрқашан талқылана бермейтін нәрселер туралы шынайы және ашық сөйлесетін боламыз: жаман әдеттер, тәуелділік және тұзаққа түспеу туралы.*

*Бүгінгі сабақтың тақырыбы:*

*Аддиктивті мінез-құлық (тәуелділік): психобелсенді заттарды қолдану*

## **1.2 Мотивациялық қызығушылық: «Ассоциация»**

Талқылау сұрақтары: Сен үшін «тәуелділік» сөзі қандай сөзбен байланысты?

Мысылы: «бақылау», «әдет», «қорқыныш», «компания», «ойындар» және т. б. Оқушылар дауыстап айтады немесе стикерлерді тақтаға жабыстырады.

## **1.3 Құқықтық негіз**

«Қазіргі таңда жасөспірімдер үлкен қысымға тап болып отыр. Айналандағы құрдастарың сияқты бол, бір рет татып көр, қорықпа деген ойлар айтылуы мүмкін. Бірақ оның артында денсаулыққа зиян тию қаупі, тәуелділік және тіпті заң проблемалары жатуы мүмкін. Сондықтан «бір рет» көрудің өзі қауіпсіз емес екенін талқылап көрейік».

**Құқықтық негіз:**

- ҚР «Халық денсаулығы» туралы Заңы
- ҚР ӘҚБтК 441-бабы (кәмелетке толмағандардың темекі өнімдерін пайдалануы)
- «Бала құқықтары туралы» Заң – денсаулық сақтау және қауіпсіздік құқығы.

## **II. Негізгі бөлім (32 минут)**

### **2.1 Әңгімелесу: сұрақтар бойынша шағын әңгіме**

Сыныпқа арналған сұрақтар:

— Тәуелділік дегеніміз не?

— Телефонға тәуелді болу мүмкін бе? Ал тәттіге ше?

— Мұның қандай салдары болуы мүмкін деп ойлайсыңдар? (Біртіндеп психобелсенді заттарға тәуелділік тақырыбына ауысу)

### **2.2 Ақпараттық блок: Аддиктивті мінез-құлық және психобелсенді заттарды қолдану дегеніміз не?**

Аддиктивті мінез-құлық — тәуелділікке байланысты мінез-құлық. Бұл кезде адам денсаулығына немесе өміріне зиян келтірсе де, қандай да бір әрекетке немесе затқа деген ұмтылысын басқара алмайды. Мысалы, адам телефонға, тәттіге, темекіге, алкогольге немесе тіпті басқа біреудің пікіріне тәуелді болуы мүмкін.

Психобелсенді заттар (ПБЗ) – бұл мидың жұмысына, көңіл-күйге, мінез-құлыққа және қабылдауға әсер ететін заттар. Олар сананың өзгеруіне және көбінесе тәуелділікке алып келеді. Олардың ішінде алкоголь, никотин

(темекі, вейп), энергетикалық сусындар, дұрыс пайдаланылмаған кейбір дәрі-дәрмектер, телефон, гаджеттер, ойындар, химиялық заттар және т. б. бар.

Неліктен бұлар қауіпті?

• Психологиялық және физикалық тәуелділік пайда болады, яғни адам «онсыз өмір сүре алмайды».

• Денсаулық нашарлайды: жүрек, өкпе, ми зардап шегеді.

• Мінез-құлық өзгереді, агрессия, мазасыздық, депрессия пайда болады.

• Жақындармен қарым-қатынас бұзылады.

• Оқуға, заңға және болашаққа қатысты проблемалар туындауы мүмкін.

Сыныпқа арналған сұрақ:

Неліктен зиянды заттарды «бір рет татып көрудің» өзі қауіпті?

### 2.3 «Иә — Жоқ» жаттығуы

Жүргізуші мәлімдемелерді оқиды. Оқушылар карталарды көрсетеді: ✓ — иә (жасыл түсті), ✗ — жоқ (қызыл түсті).

Мысалдар:

«Күн сайын тісті тазалау –әдет»

«Вейп шегу – тәуелділік»

«Ұйықтар алдында әлеуметтік желіні тексеру –тәуелділік»

«Сериалды күніне 4 сағат көру –әдет»

«Су ішу–тәуелділік»

«Әр кеш сайын чипсы жеу – тәуелділік»

«Шамадан тыс ойын ойнау тәуелділікке алып келеді»

«Гаджеттерді қажеттілік туындағанда пайдалану тәуелділікке алып келеді»

«Барлық тәуелділіктер зиянды»

«Мектепте достар тарапынан қысым болады»

«Егер маған бір нәрсе ұсынса, мен бас тарта аламын»

«Мен вейптердің қаншалықты қауіпті екенін білемін»

### 2.4 «Салдар тізбегі» топтық жұмысы

Оқушылар 3–4 топқа бөлінеді. Әр топқа жағдаяттары бар карточка таратылады. Осы жағдаяттан туындайтын ықтимал салдардың тізбегін жазып шығады.

Топтарға тапсырма:

1-топ

Оқушы бақылау алдында өзін сергек сезіну үшін энергетикалық сусынды жиі іше бастайды. (Ықтимал салдары: ұйқысыздық, бас ауруы, ашуланшақтық, тәуелділік)

2-топ

Бір топ оқушы жасөспірімге топтан бөлек болмау үшін темекі шегуді ұсынады. Жасөспірім шегіп көрмекші болды.

(Ықтимал салдары: құрдастардың қысымы, өкпеге зиянды қауіптің төнуі, тәуелділік, бас тартудың қиындығы)

3-топ

Қыз бала рецептсіз «тыныштандыратын» таблеткаларды қабылдай бастайды.

(Ықтимал салдары: өзін-өзі емдеуден туындайтын қауіп, тәуелділік, интоксикация, апатия)

4-топ

Жасөспірім бала барлық бос уақытын онлайн ойын ойнаумен өткізе бастайды. Осылай ол өзінің оқуға деген қызығушылығын жоғалтып, достарымен араласудан алшақтап бара жатқанын байқамады.

Ықтимал салдары: ұйқының бұзылуы, оқшаулану, тәуелділік, көңіл-күйдің төмендеуі)

Тапсырма: плакаттарға ықтимал салдарлардың (физикалық, психикалық, әлеуметтік) тізбегін салады. Топтар өз жұмыстарын ұсынады. (әрқайсысы 1 минуттан).

### **2.5 «Бас тарту күші» шағын рөлдік ойыны**

Әр топ екі жаққа бөлінеді: бір жағы ПБЗ-ны ұсынатын «дос» рөлін ойнайды, ал екінші жағы бас тартатын адамды көрсетеді. Тапсырма: мысалдарды ойлап тауып, сыпайы, сенімді бас тартуды көрсетеді. Бірнеше жұп сынып алдында өз диалогін көрсетеді.

Талқылау:

- ✓ Осы жағдайда адамдар қандай сезімде болады?
- ✓ Қалай бас тартуға болады?
- ✓ Досыңызға осындай жағдайдан шығуға қалай көмектесуге

болады?

Тақтаға тиімді ұсынылған бас тарту тіркестерін жазуға болады (мысалы: «Бұл маған қажет емес», «Мен өзімді құрметтеймін», «Жоқ дедім, сондықтан жоқ»).

### **2.6 Кейсті талдау**

#### **«Бір рет татып көрейін бе?» кейсі**

8-сынып оқушысы **А.** өзінің сыныптасы **Т.-тың** сабаққа кешігіп келіп жүргенін, шаршап, кейде мектепке келмейтін бір түрлі әдеттерін байқай бастады. Бірде **Т.** «снюс» (никотин пакеттері) тартып көргенін айтады, өйткені «тиктоктағы барлық адамдар оны татып көріп жатқанын» және енді одан бас тарту өзіне қиынға соғып жатқанын айтады. Ол енді оны мектепке де алып келе бастайды және басқаларға да ұсынады. Мұғалімдер бұл туралы біліп қойған соң, ата-анасын шақырып, полицияға хабарлады.

### **2.7 Топтық жұмыс**

#### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Неліктен жасөспірімдер снюс, вейп секілді заттарды шегіп көре бастайды?
2. Денсаулыққа, оқуға, қарым — қатынасқа қандай салдары болуы мүмкін?
3. Егер досы «тартып көруді» ұсынса, оқушы не істеуі керек?
4. Осындай жағдайларға кім жауапты?

5. Кімнен көмек сұрауға болады?

### **III. Қорытынды. Рефлексия (5 минут)**

#### **3.1 Шағын сауалнама**

Мен бүгін... білдім.

Маған қызықты/түсініксіз болды...

Енді мен ... ойлаймын.

#### **3.2 Тренингтің соңы**

Достар, әрқайсыңа қатысқандарың үшін, шынайы жауаптарың, ойларыңыз бен ашықтықтарың үшін рақмет.

Бүгін біз ол туралы айту ыңғайлы бола бермейтін тақырып туралы сөйлестік, бірақ бұл жайлы ашық талқылап, оның салдарын түсініп алу өте маңызды екенін білдік.

Біз тәуелділіктің заттарға, гаджеттерге, басқа адамдардың пікірлеріне тәуелді болу сияқты әртүрлі болуы мүмкін екенін білдік. Бірақ бәрінің мәні бір: тәуелділік еркіндікті шектеп, біздің таңдауымызды басқарады.

Нағыз күш – бұл «бір рет татып көру» емес, бұл саған қажет емес деп ойлаған кезде «жоқ» деп айта білу. Бүгін әрқайсың маңызды нәрсе туралы ойладыңдар деп үміттенемін.

Әзірге бұл тақырыптың саған қатысы жоқ болып көрінсе де, сендерге бүгінгі алған білімнің болашақта пайдасы тиеді деп ойлаймын:

Сен – өз өміріндегі басты адамсың және сенде әрқашан таңдау бар.

Өзіңе қамқорлық жаса, қиын жағдайдағы адамдарға қолдау көрсет және саналы, күшті, қысымға төтеп бере алатын, еркін, шынайы болудан қорықпа.

**111 - Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығы ұсынылады.**

Осы тренингке қатысқандарың үшін рақмет айтамын. Келесі кездескенше сау болыңдар!

## **9-САБАҚ**

### **ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІК (ЛУДОМАНИЯ)**

**Мақсаты:** Оқушыларда өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту, өз құндылықтарын білуіне ықпал ету.

#### **Міндеттер:**

1. Оқушыларды құмар ойынға тәуелділік ұғымымен және сонымен байланысты мәселелермен таныстыру.
2. Өз іс-әрекеттерін талдау дағдыларын дамыту.
3. Құқықтық мәдениетті және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуді қалыптастыруға ықпал ету.
4. Оқушылардың құқықтық сауатын арттыру.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқушылар өздерінің немесе достарының құмар ойындарға тәуелділігін тани алады.

2. Балалар өз іс-әрекеттерін бақылауға және күнделікті өмірін дұрыс басқаруға үйренеді.

3. Өз әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілікті сезінетін болады.

## **Жоспар**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілік.

1.1 Сәлемдесу және ми шабуылы.

1.2 Мотивациялық қызығушылық: блиц-сауалнама.

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок: құмар ойындарға тәуелділік (лудомания) дегеніміз не?

2.2 «Сенемін-сенбеймін» ойыны.

2.3 Кейсті шешу

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытынды диагностика. Құмар ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған Такердің экспресс-диагностикасы.

3.2 Рефлексия шеңбері — «Мен өзіммен бірге не аламын».

3.3 Тренингтің жабылуы.

IV. Қосымшалар. Жаднама, нұсқаулық.

**Ұзақтығы** — 45 минут.

## **Сабақ барысы**

### **Кіріспе бөлім(5 минут)**

#### **1.1 Сәлемдесу, қауіпсіздік атмосферасын құру.**

*«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізде маңызды, мүмкін, әдеттен тыс әңгіме болады. Бұл сендердің таңдауларыңа, мінез-құлықтарыңа және денсаулықтарыңа қатысты. Өзімізге және бір-бірімізге адал болуға тырысайық».*

#### **Ми шабуылы (ой салу сұрақтары)**

Сұрақ: *Тәуелділік дегеніміз не? Тәуелділіктің қандай түрлері бар?*

- Жауаптарды тақтаға/флипчартқа жазамыз.

Анықтап аламыз: **ойын ойнамай тұра алмау — тәуелділік.**

#### **1.2 Мотивациялық блиц-сауалнама**

(Ауызша, атын айтпай, қолын көтереді)

#### **Сұрақтар:**

- Бәс тігу, казино, ақша беретін онлайн-ойындар туралы кім біледі?
- Осы ойындарға құмар біреуді танитындар бар ма?

Ойын ойнаудың салдарынан ақшаны немесе достарды жоғалту мүмкін деп ойлайсындар ма?

### **I. Негізгі бөлім(30 минут)**

#### **2.1 Ақпараттық блок: құмар ойындарға тәуелділік дегеніміз не?**

#### **Құмар ойындарға тәуелділік — 21 ғасыр дерті**

Лудомания (лат. ludo — ойнаймын + көне грекше *μανία* — ессіздік, тартымдылық, сөзбе-сөз ойынға тарту), құмар ойындарға тәуелділік, құмар ойындарға тәуелділік, патологиялық гэмблинг (ағылш. gambling — ақша үшін ойнау) — құмар ойындарға қатысудың жиі қайталанатын эпизодтарынан

көрінетін, адам өмірінде үстемдік ететін және әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін психикалық бұзылыс: мұндай адам осы салалардағы өз міндеттеріне тиісті назар аудармайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл ауруға құмар ойындарға патологиялық тартымдылық деген атау береді.

ҚР «Ойын бизнесі туралы» Заңы 2007 жылдан бері күшінде. Бірақ ол қоғамдағы құмар ойындарға тәуелділік мәселелерін шешкен жоқ. Заңға енгізілген түзетулер құмар ойындарға тәуелділіктің әлеуметтік індетке айналуына жол бермеу үшін жасалуы тиіс. Бұл мәселені шешу үшін қандай шешім ұсынылады?

Қазақстанда лудомания немесе құмар ойындарға тәуелділікпен күресуге бағытталған заң қабылданды. «Лудоманияға қарсы заң» деп те аталатын бұл заңда халық арасында құмар ойындарға тәуелділікті азайтуға бағытталған бірқатар шектеу мен ынталандыру шаралары бар.

#### **Заңдағы негізгі мәселелер:**

**Азаматтардың жекелеген санаттарына құмар ойындарға қатысуға тыйым салу:** Бұл санатқа мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары кіреді.

**Ойын бизнесіне бақылауды күшейту:** Букмекерлік кеңселердің, букмекерлік дүкендердің және басқа да ойын мекемелерінің жұмыс істеу ережелері заңмен қатайтылды.

**Лотерея билеттерін және терминалдарды таратуға шектеулер:** Тұрғын үйлерде, жатақханаларда, діни және әлеуметтік мекемелерде, сондай-ақ олардан 100 метр радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынды.

**Құмар ойындарға рұқсат беру ережелерін қатайту:** 25 жасқа толмаған тұлғаларға, сондай-ақ құмар ойындарға қатысуы шектелген тұлғаларға құмар ойындарға қатысуға рұқсат бергені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

**Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту:** Заңсыз электрондық казинолар мен интернет-казинолардың қызметін ұйымдастыруды қамтиды.

**Кәмелетке толмағандарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды:** 21 жасқа толмаған адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды.

**Өзін-өзі шектеу мүмкіндігі:** Азаматтар eGov мобильді қосымшасы арқылы құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуын 6 айдан 12 айға дейін өз еркімен шектей алады.

**Ұтыстарды өндіріп алу:** Азаматтар ойын бизнесін ұйымдастырушылардан ұтысты өндіру туралы талап қоюға құқылы.

Заң құмар ойындарға тәуелділік деңгейін төмендетуге, халықтың осал топтарын қорғауға және ойын индустриясында жауапты мінез-құлық үшін жағдай жасауға бағытталған.

**Бейнефрагмент (мүмкіндігінше)** — егер техникалық мүмкіндік болса, құмар ойындарға әуестенген жасөспірім туралы қысқаша ролик көрсету (1-2 минут көру және талдау).

## 2.2 «Сенемін-сенбеймін» ойыны

Оқушылар «сенсе» — қолдарын көтереді, «сенбесе» — қолдарын көтермейді. Мәлімдемелердің мысалдары:

- Құмар ойындар тәуелділікке әкелуі мүмкін. ✓
- Ойнайтындардың бәрі құмар ойындарға тәуелді. ✗
- Құмар ойындарға тәуелділік — ауру. ✓
- Құмар ойыншылар әдетте байып кетеді. ✗
- Құмар ойындардан бас тарту стресті тудыруы мүмкін. ✓
- Кез келген ойын адамды дамытады ✗
- ...

Әрқайсысынан кейін мұғалімнің қысқаша пікірі беріледі.

## 2.2 Кейсті шешу

### Кейс «Өмірдің орнына ойындар»

8-сынып оқушысы **А.** соңғы кезде достарымен серуендеуді қойып, мектепке үнемі кешігетін болды және үнемі компьютерлік ойындарға «ақша салып» жүргені туралы ғана айтады. Ол ойын ішіндегі сатып алуларға қалта ақшасын жұмсай бастады, тіпті жақында кіші інісінің ақшасын рұқсатсыз алып қойған. Ата-анасы оның ашушаң әрі тұйықталып кеткенін байқады. Сынып жетекшісімен әңгімелескеннен кейін, ол мектеп психологіне жіберілді.

Талқылауға арналған сұрақтар.

1. **А.-нің** бойындағы қандай өзгерістер оның мәселелері бар екенін көрсетеді?
2. Неліктен, сендердің ойларыңызша, жасөспірімдер ойын әлеміне «кетіп» қалады?
3. Қарапайым әуестік пен тәуелділіктің айырмашылығы неде?
4. Бала өзін-өзі бақылай алмай жатқанын қалай байқауға болады?
5. **А.** қандай сезімде болуы мүмкін? Ал оның отбасы ше?
6. Ол неге інісінің ақшасын рұқсатсыз алды? Бұл нені білдіреді?
7. Егер сен **А.-нің** мұғалімі/ата-анасы/досы болсаң, онымен қалай сөйлесер едің?
8. Отбасындағы сенімді қалай қалпына келтіруге болады?
9. Жасөспірімді экраннан тыс өмірге қалай қызықтыруға болады?
10. Мектепте ойынға тәуелділікпен жұмыс істегенде нені ескеру керек?

### III. Қорытынды. Рефлексия (10 минут)

#### 1. Қорытынды диагностика

#### 2. «Мен өзіме не аламын» рефлексия шеңбері

Әр оқушы кезекпен немесе сөз тіркесін жазбаша түрде аяқтайды:

- Бүгін мен... түсіндім.

- Мен өзіммен бірге... туралы білім аламын.

### IV. Қосымшалар

(ұсынылады немесе сыныпта/онлайн папкада орналастырылады).

**№ 1 САБАҚ**  
**ТАҚЫРЫБЫ: «ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ: БАЛАЛАРДЫҢ**  
**ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ»**

**Мақсаты:** Құқықтық нормаларды, азаматтық жауапкершілікті және отбасының ықпалын талдай отырып, құқықтық сананы дамыту

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды ҚР Конституциясы, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі және басқа да нормативтік актілер бойынша балалардың негізгі құқықтары мен міндеттерімен таныстыру.
2. Құқықтық жағдайларды талдау, жеке бас бостандығы мен жауапкершілік шекараларын анықтау қабілетін дамыту.
3. Заңды сақтауға және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге ішкі мотивация қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Жасөспірімдердің негізгі құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болу деңгейін арттыру.
2. Қатысушылардың құқықтық бірегейлігін қалыптастыру.

**Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі.

1.1 Топпен сәлемдесу және байланыс орнату

1.2 Мотивациялық қызығушылық

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок

2.2 Интерактивті ойын

2.3 «Құқықтың мәнін қойылым арқылы көрсету» жаттығуы

2.4 Ми шабуылы

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытындылау

3.2 Қорытынды диагностика

3.3 «Рюкзак» рефлексиялық жаттығуы

3.4 Тренингтің аяқталуы

**IV. Қолданбалар.** Үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар.

**Ұзақтығы** 45 минут

**Сабақ барысы**

**I. Кіріспе бөлім (9 минут)**

1. Сәлемдесу және қауіпсіздік атмосферасын құру

«Сәлеметсіңдер ме! Бүгін біз әрқайсыңның құқықтарың туралы сөйлесеміз. Бостандық туралы, сонымен қатар шекаралар туралы. Заң бізге не береді және бізден нені талап етеді. Біздің тренингтің тақырыбы – құқықтық білім беру – Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері.

## **2. «Менің ... құқығым бар» шағын жаттығуы**

*«Біз құқықтар сөзін жиі естиміз, бірақ оның біз үшін нені білдіретіні туралы сирек ойлаймыз. Енді біз оны өзімізге қатысты сезінуге тырысамыз - тек бір сөйлемде. Бұл саған маңызды нәрсе болуы мүмкін және сен оны сенікі деп санайсың. «Менің ... құқығым бар» деген сөйлемді аяқтаңдар».*

Мысалдар:

- Мен мектептен кейін демалуға құқығым бар.
- Менің тыңдалуға құқығым бар.
- Менің арманымға құқығым бар.
- Менің мінсіз болмауға құқығым бар.

## **II. Негізгі бөлім (29 минут)**

### **2.1 Ақпараттық блок**

Бала құқықтары – бұл әрбір кәмілетке толмаған адамның өмір сүруіне, дамуына, қорғалуына, құрметтелуіне және қоғамға қатысуына жағдай жасайтын заңмен бекітілген кепілдіктер.

Бұл құқықтар:

- ҚР Конституциясы,
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы,
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінде,
- басқа нормативтік актілерде бекітілген.

**Құқықтардың мысалдары:** есімге, азаматтыққа, білім алуға, медициналық көмекке, зорлық-зомбылықтан қорғану, пікір білдіру.

**Баланың міндеттері** – бұл баланың басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке қатысты заңмен белгіленген талаптары.

Олардың ішінде:

- мектеп тәртібін сақтау,
- басқалардың құқықтарын құрметтеу,
- мүлікті сақтау,
- заңдарды сақтау.

Жасы ұлғайған сайын міндеттерге олардың әрекеттері үшін **жауапкершілік** қосылады.

### **ҚР Конституциясы (27, 29-баптар):**

- Баланың отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан қорғалуға құқығы бар.
- Мемлекет баланың дамуы мен білім алуына қамқорлық жасайды.
- Әр баланың атына, азаматтығына, қамқорлығына және білім алуына құқығы бар.

**Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы (ҚР 1994 жылы ратификациялаған):**

- Өмір сүру, білім алу, медициналық көмек алу құқығы.
- Пікір білдіру және тыңдалу құқығы.
- Зорлық-зомбылықтан, қанаудан, кемсітушіліктен қорғалу.

ҚР Заңнамасы бойынша баланың міндеттері («Неке және отбасы туралы» Кодексі, ҚР «Білім туралы» Заңы, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс):

- Оқу орнының ережелерін сақтау.
- Басқалардың құқықтарын құрметтеу.
- Өзіне және айналасына зиян келтірмеу.
- Құқыққа қайшы әрекеттер үшін жауапкершілік 16 жастан басталады (кейбір жағдайларда — 14 жастан бастап: ҚР ҚК 15-бабы).

**Маңызды:** құқықтар ≠ бейберекеттік. Әр құқықтың шекарасы – басқаның құқықтары басталатын жерде.

## 2.2 Кейстер

*«Күнделікті өмірде жасөспірімдер көбінесе бірден түсіне алмайтын жағдайларға тап болады — бұл еркіндік пе немесе бұзушылық па. Бүгін сендер жай ғана шәкірт емес, жас құқық қорғаушыларсыңдар. Сендердің міндеттерің – түсіну: кімнің құқығы, оны кім бұзады және бұзушылық бар ма?»*

**Нұсқаулық:** сыныпты **3-4 адамнан тұратын шағын топтарға бөліңіз.** Әр топқа кейсті сипаттайтын карточка беріңіз.

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

- Мұнда құқық субъектісі кім?
- Кімнің құқығы бұзылған болуы мүмкін?
- Заң бұзылды ма? Егер солай болса-қайсысы?
- Басқаша не істеуге болар еді?
- Кім жауапты?

## 2.3 «Құқықтың мәнін қойылым арқылы көрсету» жаттығуы

**Мақсаты:** Оқушыларды Қазақстан Республикасының заңнамасындағы құқықтық нормаларды іздеу үдерісімен таныстыру және олардың мазмұнын сахналау нысанында ұсыну.

**Нұсқаулық:** сыныпты 4-5 топқа бөлу керек. Әр топқа бап нөмірі бар карточка беріледі. Олар осы бапты анықтамалықтан немесе интернеттен табуы керек. Мұны қалай көрсетуге болатынын бірге ойластыру керек (қойылым, мүсін сияқты, сөзсіз (немесе минималды сөз тіркестерімен). Қалған сынып – **бұл қандай құқық екенін болжайды және оның неге маңызды екенін айтады.**

## 2.4 Ми шабуылы «Көмекті қайдан табуға болады?»

Флипчартта немесе тақтада қатысушылар бірге карта жасайды:

- Егер құқықтар бұзылған болса, кімге жүгіну керек?
- Қайда баруға болады?
- Егер сен өз міндеттеріңді орындамасаң не болуы мүмкін?
- Нақты не істемеу керек?

## III. Қорытынды (7 минут)

### 3.1 Қорытындылау (әңгіме)

- Бүгін не маңызды болды?
- Жаңа не нәрсе білдің?

- Мұны өмірде қалай қолдануға болады?

- Көбінде есінде не қалды?

### **3.2 Қорытынды диагностика**

Тест: «Мен өз құқықтарым мен міндеттерімді білемін бе?»

9–10-сынып:

Сабақтың тақырыбы: құқықтық білім: балалардың құқықтары мен міндеттері

Нысаны: жазбаша тест, 10 сұрақ, бір дұрыс жауап

1. Қазақстан Республикасында жасөспірім қай жастан бастап жекелеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

а) 12 жастан бастап

б) 14 жастан бастап

в) 16 жастан бастап

г) 18 жастан бастап

2. Қазақстан Республикасының қандай негізгі заңы баланың құқықтарын бекітеді?

а) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс

б) Азаматтық кодекс

в) ҚР Конституциясы

г) «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңы

3. «Жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқығы» нені білдіреді?

а) Мектепке бару құқығы

б) Зорлық-зомбылықтан, қорлаудан және кемсітуден қорғау құқығы

в) еркін пікір білдіру құқығы

г) демалыс және бос уақыт құқығы

4. Кәмелетке толмаған адамға қандай міндеттер жүктеледі?

а) Отбасын қамтамасыз ету

б) Зандарды, мектеп ережелерін және мінез-құлық нормаларын сақтау

в) Салық төлеу

г) Сайлауға қатысу

5. Төменде айтылғандардың қайсысы баланың құқығын бұзу болып табылады?

а) Мұғалімнің кешігіп қалғаны туралы ескертуі

б) Сабақта телефонды пайдалануға тыйым салу

в) Құрдастарының қорқытуы

г) Үй тапсырмасын тағайындау

6. Жасөспірім оның құқықтары бұзылған жағдайда қайда жүгіне алады?

а) Тек ата-аналарға

б) Тек мектеп директорына

в) Полицияға, Балалардың құқықтарын қорғау бөліміне немесе мектеп психологіне

г) Сыныптастарына

7. Баланың өміріне әсер ететін шешімдер қабылдауға қатысуы қандай құқықты қамтамасыз етеді?

а) Аталу құқығы

- б) Буллингтен қорғау құқығы
  - в) Қатысу құқығы
  - г) Қозғалыс еркіндігі құқығы
8. «Құқықтық сана» термині нені білдіреді?
- а) Елдің барлық заңдарын жатқа білу
  - б) Жазадан қорқу
  - в) Өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас
  - г) Тек ересектерге құрмет
9. Мектеп ережелері бұзылатын, бірақ мемлекет заңдары бұзылмайтын мінез-құлық қалай аталады?
- а) Қылмыс
  - б) Әкімшілік құқық бұзушылық
  - в) Заңды мінез-құлық
  - г) Тәртіптік теріс қылық
10. ҚР заңнамасына сәйкес не баланың құқығы болып табылмайды?
- а) Өмір сүру құқығы
  - б) Сыйластық құқығы
  - в) Ережелерді бұзу құқығы
  - г) Білім алу құқығы

Тестің кілті:

- 1 — а
- 2 — г
- 3 — б
- 4 — б
- 5 — в
- 6 — в
- 7 — в
- 8 — в
- 9 — г
- 10 — в

### 3.3 «Рюкзак» рефлексиясы

Қатысушылар кезек-кезек өздерімен бірге қандай білім алатынын айтады:  
«Бүгін мен рюкзакіме ... туралы білім саламын»

### 3.4 Тренингтің жабылуы

Қатысушыларға алғыс айту

Ескерту: «Бір адамның бостандығы екінші адамның бостандығы басталған жерде аяқталады»

«Менің қолдауға құқығым бар. Мен таңдай аламын және тыңдала және тыңдай аламын» сөйлем жазылған жаднама / буклет / стикер тарату.

1-қосымша

## Кейстер

1-кейс: Сыныптағы TikTok

*Оқушы сабақта мұғаліммен видео түсіріп, оның келісімінсіз TikTok-қа орналастырды. Бейне вирусқа айналды, оның астында дәрекі пікірлер пайда болды.*

**Талқылау:**

- Мұнда құқық субъектісі кім?
- Кімнің құқығы бұзылған болуы мүмкін?
- Заң бұзылды ма? Егер солай болса-қайсысы?
- Басқаша не істеуге болар еді?

**Құқықтық бағалау (педагог үшін):**

**Бейнелеу және жеке өмір құқығы бұзылды**

**ҚР Конституциясының 18-бабы:** Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

– **7 және 15-баптар** «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заң: дербес деректерді пайдалануға олардың меншік иесінің келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі. Осылайша, фотосуреттерді келісімсiз пайдалану тек заңмен белгіленген жағдайларда ғана мүмкін болады.

**Тәртіпті сақтау міндеті**

- «Білім туралы» Заң, **47-бап:** білім алушы мінез-құлық нормаларын сақтауға және оқытушыларды құрметтеуге міндетті.

Қортынды: **Заң бұзылды.** Оқушы әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін (егер 16 жаста+ болса) немесе мектептегі тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.

**2-кейс. Түнгі қыдыру**

Жасөспірім саябақта 23:30-да жалғыз жүрді. Оны патруль тоқтатып, учаскеге апарды. Ата-анасы шақырылып, айыппұл салынды.

**Талқылау:**

- Жасөспірімнің құқықтары бұзылған ба?
- Түнде қандай заңдар қолданылады?
- Кім жауапты?

**Құқықтық бағалау:**

**ҚР ӘҚБтК 442-бабы:** «Кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарда түнгі уақытта ата-анасының еріп жүруінсіз болуына тыйым салу туралы заңнаманы бұзу – әкімшілік құқық бұзушылық. Ата-аналарға **7 АЕК дейін** айыппұл.

**Полиция шаралары заңды, егер:**

- жасөспірім зорлық-зомбылыққа ұшырамаған болса;
- полицияның әрекеттері дұрыс болса және қадір-қасиетін төмендетпесе.

**Қорытынды:** Полиция тарапынан заң бұзылған жоқ, алайда жауапкершілік ата-аналарға жүктеледі (егер бала 16 жасқа толмаған болса). Жасөспірімге шаралар оны қорғауға бағытталғанын түсіндіру пайдалы.

### **3-кейс. Үйдегі физикалық жаза**

*Жасөспірім дауласқанда немесе екілік алған кезде әкесі оны «белбеумен» тәрбиелейтінін айтты. Анасы үндемейді. Жасөспірімнің өзі: «Бұл дұрыс та шығар. Бұл әрқашан солай».*

#### **Талқылау:**

- Физикалық жаза туралы заң не дейді?
- Бұл «отбасылық іс» немесе құқық бұзушылық па?
- Жасөспірім қайда бара алады?
- Егер бұл бақыланбаса, қандай қауіптер бар?

#### **Құқықтық бағалау:**

- «Неке және отбасы туралы» кодекстің 59-бабы – баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы

ҚР ҚК 140-бабы – кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау

**Қорытынды:** заң бұзылды. «Дәстүрге» немесе «ниетке» қарамастан физикалық жазаны қолдануға тыйым салынады. Жасөспірім қорғауға және қызметке жүгінуге құқылы.

## **2- қосымша**

### **Құқықтар:**

#### **1-карточка. Буллингтен (жәбірлеуден) қорғау құқығы**

*Әр баланың мектепте, көшеде және желіде қорлау, қорқыту, оқшаулану және мазақ етуден қорғануға және сыйластыққа құқығы бар.*

*(Негіздеме: Неке және отбасы туралы кодекстің 67-бабы, «Бала құқықтары туралы» Заңның 15-бабы, «Білім туралы» Заңның 48- бабы – мектептің қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету міндеті)*

#### **2- карточка. Білім алу құқығы**

*Әр баланың мектепте тегін оқуға құқығы бар. Білім алу міндетті түрде орта деңгейге дейін*

*(ҚР Конституциясының 30-бабы, «Білім туралы» Заңының 47-бабы)*

#### **3-карточка. Зорлық-зомбылық пен қатыгездікпен қараудан қорғау құқығы**

*Ешкімнің балаға зиян келтіруге құқығы жоқ — үйде де, мектепте де, интернетте де.*

*(Неке және отбасы туралы Кодекстің 67-бабы, «Бала құқықтары туралы» Заңның 10-бабы)*

#### **4-карточка. Пікір білдіру құқығы**

*Жасөспірім өз ойын айтуға және тыңдалуға құқылы, әсіресе сөз оның өмірі туралы болса.*

*(Неке және отбасы туралы Кодекстің 62-бабы, БҰҰ Конвенциясының 12-бабы)*

**5-карточка. Цифрлық қауіпсіздік құқығы және онлайн-өмірге қол сұғылмаушылық**

*Жасөспірім интернеттегі жеке ақпаратты, суреттерді және хат-хабарларды қорғауға құқылы. Ешкім оның суретін рұқсатсыз жарияламауы немесе жалған ақпарат таратпауы керек.*

*(Негіздеме: ҚР Конституциясының 18-бабы, БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясының 19 және 31-бабы)*

**Міндеттері:**

**1-карточка. Басқа адамдарды құрметтеу міндеті**

*Жасөспірім басқа адамдардың — отбасында, мектепте, қоғамда қадір-қасиетін, пікірін және жеке шекараларын құрметтеуге міндетті.*

*(Негіздеме: «Бала құқықтары туралы» Заңның 20-бабы, «Білім туралы» Заңның 47-бабы)*

**2-карточка. Мектеп ережелерін сақтау міндеті**

*Оқушы мектеп Жарғысын орындауға, сабаққа келуге, тәртіпті бұзбауға және басқаларға кедергі жасамауға міндетті.*

*(«Білім туралы» Заңның 47-бабы)*

**3-карточка. Мүлікке ұқыпты қарау міндеті**

*Бала мектептегі, қоғамдық және жеке мүлікті бүлдірмеуге міндетті.*

*(«Бала құқықтары туралы» Заңның 20-бабы, «Білім туралы» Заңның 47-бабы)*

**4-карточка. Өзіне және басқаларға зиян келтірмеу міндеті**

*Бала оның өмірі мен денсаулығына немесе басқа адамдарға қауіп төндіретін әрекеттерден бас тартуға міндетті.*

*(«Бала құқықтары туралы» Заңның 20-бабы)*

**№ 2 САБАҚ**

**ТАҚЫРЫБЫ: «МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛЕ АЛМАУ (ДЕЗАДАПТАЦИЯ): ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР»**

**Мақсаты:** Оқушылардың мектепке бейімделе алмау және құқық бұзушылық мәселелерінде құқықтық сауаттылығын қалыптастыру және заңды мінез-құлық дағдыларын дамыту

**Міндеттері:**

- Кәмелетке толмағандар жасаған заң бұзушылықтардың құқықтық салдарын саналы түрде түсінуді қалыптастыру.
- Сыни ойлауды, іс-әрекеттерді құқықтық талдау қабілетін дамыту.
- Азаматтық және әлеуметтік жетілу деңгейін арттыру, қиын жағдайларда көмек сұрауға дайын болу.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейінің артуы
- Қиын жағдайларда саналы таңдау қабілетінің дамуы

- Деадаптация белгілері кезінде көмек сұрауға арналған ұстанымды қалыптастыру

### **Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі.

1.1 Топпен сәлемдесу және байланыс орнату

1.2 Мотивациялық қызығушылық

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок

2.2 «Әрекет: рұқсат етілген бе, жоқ па?» жаттығуы

2.3 «Жасөспірімнің бағыты: таңдау сендікі» интерактивті ойыны

2.4 Ми шабуылы

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытындылау

3.2 «Рюкзак» рефлексиялық жаттығуы

3.3 Тренингтің аяқталуы

**Ұзақтығы:** 45 минут

### **Сабақ барысы**

**I. Кіріспе бөлім (7 минут)**

**1.1 Сәлемдесу және қауіпсіздік атмосферасын құру**

*«Сәлеметсіңдер ме! Бүгінгі екінші сабағымыздың тақырыбы – «Мектептегі деадаптация: құқық бұзушылықтар». Бұл өте маңызды тақырып, өйткені ол тек заң бұзушылықтар туралы емес, кез келген жасөспірім тап болуы мүмкін жағдайлар туралы. Біздің мақсатымыз – одан қалай аулақ болу керектігін, өзімізде және достарымызда дабыл белгілерін уақытында қалай тануға болатынын және қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіну».*

**Талқылаудан бастайық**

**Сыныпқа арналған сұрақ:**

*- Неліктен жасөспірімдер ересектерге қарағанда құқық бұзушылықты жиі жасайды деп ойлайсыңдар?*

*- «Мектепке бейімделе алмау» дегеніміз не? Ол қандай жағдайлармен байланысты болуы мүмкін?»*

*Оқушылардың жауаптары тақтаға немесе флипчартқа жазылады.*

*«Дұрыс айтасыңдар, себептері әртүрлі болуы мүмкіні: отбасындағы, достармен байланысты мәселелер, стресс, буллинг, түсінбеушілік, наразылық. Бүгін біз деадаптацияның қандай түрлері құқық бұзушылыққа әкелетінін және бұл туралы не істеуге болатынын анықтауға тырысамыз».*

**1.2 «Бұл атау не туралы?» жаттығуы**

**Мақсаты:** жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар туралы білімді өзектендіру және нақты жағдайларды құқықтық талдауға деген қызығушылықты ояту

**Нұсқаулық:** жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарына қатысты нақты немесе стильдендірілген жаңалықтарды басып шығару немесе слайдтарда көрсету.

**Атаулардың мысалдары:**

- «Оқушы сыныптасын ұрып-соқты – мектеп оқушыларының ата-аналары полицияның араласуын талап етеді»
- «Сауықтыру-сауда орталығында электрониканы ұрлағаны үшін 15 жасар жасөспірім ұсталды»
- «Жетінші сынып оқушылары ортақ чатта сыныптастарын қорлады»
- «Жасөспірімдер мектеп жиһазын сындырып жатқан видео түсірді»
- «Тоғызыншы сынып оқушысы мұғаліммен жанжалдан кейін үйден кетті– олар оны бір тәулік бойы іздеді»

#### **Талқылау:**

1. Неліктен жасөспірім осылай жасады?
2. Бұл еркелік пе, әлде құқық бұзушылық па?
3. Қандай салдары болуы мүмкін?
4. Бұл жасөспірімнің өзінен басқа кімге қатысты?

**Жүргізушінің сөздері:** *«Ойларың үшін рақмет. Көріп отырғандарыңдай, жағдайлар әртүрлі, бірақ әрқашан дерлік– бұл жай ғана «жаман мінез-құлық» емес, оның сыртындағы проблемалар туралы белгі: стресс, буллинг, жалғыздық, қақтығыстар. Бүгін біз еркелік пен заң бұзушылық арасындағы шекараның қай жерде өтетінін, мектептегі дезадаптацияның не екенін және тәуекелге ұшырамау жолын талдаймыз».*

## **II. Негізгі бөлім (30 минут)**

### **2.1 Ақпараттық блок**

**Мектептегі дезадаптация** – бұл оқушының оқуда, қарым-қатынаста, мінез-құлықта қиындықтарға тап болатын жағдайы, бұл қоғамға жат мінез-құлыққа әкелуі мүмкін. Бұл жай ғана «оқығым келмейді» емес, бұл жасөспірімнің мектеп ортасына бейімделуі қиын екенін білдіреді.

Егер уақытында көмектеспесе, дезадаптация күрделі мәселелерге айналуы мүмкін: агрессия, оқшаулану, құқық бұзушылық, суицидтік ойлар.

**Құқық бұзушылық** – бұл заңды жауапкершілік қарастырылған құқыққа қайшы әрекет. Мысалы: ұрлық, ұрып-соғу, мүлікті бүлдіру, қорқыту, жәбірлеу, жеке ақпаратты келісімсіз тарату.

Мұндай әрекеттер үшін жауапкершілік қарастырылған — әкімшілік (айыппұлдар, есепке алу, ескерту) немесе қылмыстық (14 жасқа толғаннан кейін — тіпті бас бостандығынан айыру).

**Девиянтты мінез-құлық** – бұл жалпыға бірдей қабылданған, ең кең таралған және қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқып, тұлғаның тұрақты мінез-құлқы. Мысалы, агрессия, дөрекілік, сабаққа келмеу, ережелерді үнемі бұзу, алкоголь ішу, төбелеске қатысу, жануарларға қатыгездік. Кейде бұл мінез-құлық наразылық немесе «боямашылық» сияқты көрінеді, бірақ көбінесе оның артында ішкі қиындықтар, сырттан қысым немесе өзіне назар аударғысы келу ниеті болады.

*«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың қандай түрлері жиі кездесетінін талдап көрейік».*

| <b>Құқық бұзушылық түрі</b>         | <b>ҚР Заңының бабы</b> | <b>Мысалдар</b>                            | <b>Жауапкершілік</b>  |
|-------------------------------------|------------------------|--|---|
| Ұсақ бұзақылық                      | ҚР ӘҚБтК 434-бабы      | Балағат сөздер, мектеп мүлкін бүлдіру      | Айыппұл немесе ескерту                                      |
| Қоғамдық жерде темекі шегу, вейпинг | ҚР ӘҚБтК 441-бабы      | Мектепте, аумақта темекі шегу              | 15 АЕК айыппұл  |
| Алкоголь тұтыну                     | ҚР ӘҚБтК 440-бабы      | Қоғамдық орындарда мас күйінде пайда болуы | 5 АЕК-тен айыппұл   |
| Буллинг/жәбірлеу                    | ҚР ӘҚБтК 127-2-бабы    | Жүйелі қорлау, сыныптасын жәбірлеу         | Мектепішілік шаралар + КТІК есепке алу                      |
| Ұсақ ұрлық                          | ҚР ҚК 187-бабы         | Киім ауыстыратын бөлмеде, дүкендегі ұрлық  | Қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік (14 жастан бастап) |

## **2.2 «Әрекет: рұқсат етілген бе, жоқ па?» жаттығуы**

*«Күнделікті өмірде жасөспірімдер көбінесе бірден түсіну қиын жағдайларға тап болады — бұл еркіндік пе немесе бұзушылық па. Бүгін сендер жай ғана шәкірт емес, жас құқық қорғаушыларсыңдар. Сендердің міндеттерің: кімнің құқығы, оны кім бұзады және бұзушылық бар ма?» – соны анықтау.*

Нұсқаулық: егер оқушылар бұл әрекетті дұрыс деп санаса, онда жасыл, егер дұрыс емес болса, қызыл карточканы көтереді.

Жағдаяттар:

1. Оқушы үзілісте бөтен адамның портфелін, онда үзілісте біреу салып қойған допты алу үшін рұқсатсыз ашты (*жеке шекара бұзылды, «ештеңе ұрланбаған» болса да, жанжал болуы мүмкін*).
2. Жасөспірім сыныптасын рұқсатсыз суретке түсіріп, «таңертеңгі зомби» деген жазбамен жалпы чатқа салып жібереді (*этика нормалары бұзылды және буллинг, жәбірлеу ретінде қарастырылуы мүмкін*).
3. Тоғызыншы сынып оқушысы партада біреу ұмытып кеткен құлаққапты алып, кезекші мұғалімге тапсырды (*дұрыс мінез-құлық құқық бұзушылық емес*).
4. Оқушы бақылау жұмысын жазғысы келмегендіктен, үшінші сабақтан үйіне ешкімді ескертпей, кетіп қалды (*сабаққа бармау – тәртіптік құқық бұзушылық, КТІК-те қаралуы мүмкін*).

5. Қыз TikTok-та сыныптасының жалған парағын құрып, оның суретін мазақ етіп жариялады (*заңды бұзу: кибербуллинг, жеке деректерді келісімсіз тарату*).

6. Жасөспірімдер вейп сатып алып, оны мектеп дәретханасында шекті (*әкімшілік құқық бұзушылық (ҚР ӘҚБтК 441-бабы), кәмелетке толмағандарға айыппұл*).

7. Оқушы досына көрме үшін картоннан үлгіні кесуге көмектесті, бірақ бұл жеке тапсырма болды (*бұзушылық емес, достық көмек (егер алдамас)*).

8. Оқушы Instagram-да басқа оқушылар мен мұғалімнің қатысуымен рұқсат сұрамай, (*жеке деректерді қорғау туралы заңды бұзу*) сыныптың суретін жариялады.

9. Оқушы әзіл-қалжыңмен сыныптасын «семізсің» деп атады, ол оған жағымсыз болатынын білмеді (*ықтимал– ауызша агрессия / буллинг*).

10. Сабақтан кейін оқушы достарымен рұқсатсыз доп ойнап, спортзалдың терезесін сындырды (*мектеп мүлкін бүлдіру — ата-ананың әкімшілік немесе материалдық жауапкершілігі*).

Жаттығудан кейін 1-2 даулы жағдайды қысқаша талқылауға болады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Не нәрсе даулы болып көрінді және неге?
- Кімнің құқығы бұзылған болуы мүмкін?
- Заң бұзылды ма? Егер солай болса– қайсысы?
- Басқаша не істеуге болар еді?
- Кім жауапты?
- Неліктен ниет емес, сезім мен салдарды ескеру маңызды?

### **2.3 «Жасөспірімнің бағыты: таңдау сенде» интерактивті рөлдік ойыны**

**Мақсаты:** жасөспірімдердің күнделікті шешімдері олардың болашағына қалай әсер ететінін көрсету және құқық бұзушылықтар, құқықтар және дағдарыстан шығу мүмкіндіктері туралы білімдерін бекіту

**Нұсқаулық:** ойыншылар (жеке немесе топпен) 6 сюжеттік жағдайдан өтетін Арлан есімді жасөспірімді басқарады. Әр кезеңде таңдау жасау керек. Әр таңдаудың салдары бар: кейіпкердің тағдырына әсер ететін оң, бейтарап немесе теріс.

- *Сюжетті 1 - қосымшадан көруге болады.*

#### **6- кезең. «Шекаралық жағдай» (екінші күннің кеші)**

**Жағдай:** Арлан өзін жеңе алмайтынын сезеді. Ол мазасызданады, өзін артық сезінеді. Ойлары шатасады. Жоқ болып кеткісі келеді.

**Әрекеттер:**

- а) Әлеуметтік желілерді жояды, мазасыз хабарлама жазады — 2 балл
- б) Ауырсынуды бейнеойындармен немесе әлеуметтік медианы ойланбастан қарау арқылы басуға тырысады-0 балл
- с) Сенім чатына жазады, ата-анасымен сөйлеседі немесе психологке жүгінеді - +2 балл

## Қорытындыларды түсіндіру:

| Балдар | Қорытынды  |
|--------|--|
| +10–12 | Арлан қиындықтардан қашпайды. Ол көмек таба алады, басқаларды және өзін қорғай алады. Оның бағыты саналы.      |
| +5–9   | Арлан көбінесе қауіпсіз жолды таңдайды, бірақ кейде маңызды жерде араласпайды. Ол сенімділікті арттыруы керек. |
| 0–4    | Арлан қиналады. Ол заңды бұзбайды, бірақ шешімдерден аулақ болады. Ересек адамның кәсіби қолдауы қажет.        |
| < 0    | Елеулі тәуекелдер: құқық бұзушылықтар, дезадаптация, қауіпті жағдайлар. Отбасы мен мектептің назары қажет.     |

### Сыныппен талқылауға арналған сұрақтар:

1. Арлан мұндай жағдайларда қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар?
2. Оған өзін қауіпсіз сезінуге не көмектеседі?
3. Сендердің ойларыңша, ең қиын таңдау қайда болды? Неліктен?
4. Қандай жағдайларда ересектердің араласуы қажет, ал қай кезде достардың қолдауы жеткілікті болады?

### 3.4 Ми шабуылы «Қайдан көмек табуға болады?»

Флипчартта немесе тақтада қатысушылар бірге карта жасайды:

Егер құқықтар бұзылған болса, кімге жүгіну керек?

Қайда баруға болады?

Егер өз міндеттерінді орындамасаң, не болуы мүмкін?

Нақты нені істемеу керек?

## III. Қорытынды (8 минут)

### 3.1 Қорытындылау (әңгіме)

- Бүгін не маңызды болды?
- Жаңа не білдің?
- Мұны өмірде қалай қолдануға болады?
- Көбіне не есінде қалды?

### 3.2 «Рюкзак» рефлексиясы

Қатысушылар кезек-кезек өздерімен бірге қандай білім алатынын айтады:

«Бүгін мен рюкзакіме ... туралы білім саламын»

### 3.3 Тренингтің жабылуы

Қатысушыларға алғыс айту

Ескерту: «Сенің әрбір шешімің — бұл жауапкершілікке немесе салдарға бағытталған қадам»

«Жасөспірім шақ – бұл жауапкершіліктен босату емес, оның енді басталатын кезі» сөйлемі жазылған жаднама / буклет / стикер тарату.

**«Жасөспірімнің бағыты: таңдау сенде» интерактивті рөлдік ойыны**

**Сюжет:**

**1- кезең. «Таңертеңгі таңдау»**

Жағдаят: Бүгін таңертең Арланда математика пәні бойынша бақылау жұмысы бар. Ол дайын емес. Ол мазасыз, мектепке баруға күш пен ниеті жоқ.

Әрекеттер:

- a) 1-2 сабақты өткізіп жібереді, анасына ауырғанын айтады — -2 балл
- b) мектепке барар жолда досымен бөліседі: «Мен енді шығармаймын...» - 0 балл
- c) Сынып жетекшісінен сабақтан кейін сөйлесуді сұрайды - +2 балл

**2- кезең. «Өзін-өзі бағалауына соққы» (бірінші сабақ)**

Жағдаят: Тарих сабағында мұғалім бәрінің көзінше: «*Сен тағы да үй жұмысын жасамағансың ба? Ата-анаңды ұятқа қалдырма. Сенің қандай болатыныңды да білмеймін*». Бүкіл сынып күледі. Арлан ыңғайсызданады, ренжиді.

Әрекеттер:

- a) Чатта былай деп жазады: «Егер ол аузын тағы бір рет ашса, мен оны оңдырмаймын». -2 балл
- b) Үндемейді, реніш пен ашуын жинайды, сырттай тыныш-0 балл
- c) Сабақтан кейін сынып жетекшісіне немесе мектеп психологіне жүгінеді - +2 балл

**3 - кезең «Киім ауыстыратын бөлмедегі сурет»(соңғы сабақтың алдындағы сабақ)**

Жағдаят: Дене шынықтыруда оқушылардың бірі екіншісін киім ауыстыратын бөлмеде суретке түсіреді. Чатқа фотосурет мынадай жазбамен жіберіледі: «Мынаған қараңдаршы!»

Әрекеттер:

- a) Чаттағы мазаққа қосылады — -2 балл
- b) Хабарламаларды үнсіз оқиды және ештеңе жазбайды-0 балл
- c) Чатқа жазады: «фотосуретті алып тастаңдар. Бұл бұзушылық» және мұғалімге хабарлайды - +2 балл

**4 - кезең. «Бәстесіп ұрлық жасау» (сабақтан кейін)**

Жағдаят: Сабақтан кейін олар дүкенге кіруді шешеді, ал досы Арланға: «Құлаққап ұрлаудан қорқасың ба? Сен шүберек емессің ғой. Бір рет-есептелмейді!»

Әрекеттер:

- a) Тауарды алып, шығып кетеді — ұстап алмаса — бәрі жақсы» -2 балл
- b) «Бүгін емес, мүмкін басқа кезде» деп, кетіп қалады-0 балл
- c) «Есің дұрыс па? Бұл ұрлық. Бұл КТІК ғой» - +2 балл

**5 - кезең. «Шақыру» (сол күні кешке)**

Жағдаят: Сыныптасы былай деп жазады: «Ата-анам жоқ. Алкоголь, кальян. Бәрі күшті болады, кел». Арлан ойлайды: мүмкін демалу керек шығар? Бірақ ол күмәндана бастайды, өйткені бейтаныс жоғары сынып оқушыларының компаниясы, алкоголь және ересектердің болмауы ең жақсы таңдау емес.

Әрекеттер:

- a) Барады, ішеді, алкогольмен уланады. Сыныптастарының ата-аналары ерте келіп, жедел жәрдем шақырады. - -2 балл
- b) Келеді, алкогольді ішеді, бірақ содан кейін кетеді — 0 балл
- c) «Жоқ, маған проблема керек емес» деп жауап береді - +2 балл

### № 3 САБАҚ

#### ТАҚЫРЫБЫ: «ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: ҚАҢҒЫБАСТЫҚ ЖӘНЕ ҮЙДЕН КЕТУ»

**Мақсаты:** жасөспірімдерде қаңғыбастық пен үйден кетуге байланысты девиантты мінез-құлыққа оның себептері мен салдарын білу арқылы саналы көзқарасты дамыту, сондай-ақ тренингтік және тәрбиелік әдістердің көмегімен осындай көріністердің алдын алуды қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

- Интерактивті оқыту әдістері арқылы қатысушыларға қаңғыбастық пен үйден өз бетінше кетудің себептері, нысандары мен салдары туралы білім беру.
- Тренингтік жаттығулар мен рөлдік ойындар арқылы өмірлік қиын жағдайларда сындарлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
- Жасөспірімдердің жеке жауапкершілікке, қауіпсіздікке және отбасылық қатынастарға саналы көзқарасын талқылау, кейстер және топтық тапсырмалар арқылы дамыту.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Жасөспірімдердің қаңғыбастық пен үйден өз бетінше кетудің себептері мен қауіптері туралы хабардар болу деңгейін арттыру.
- Қатысушылардың жанжалды немесе дағдарыстық жағдайларда қауіпсіз және сындарлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
- Жеке жауапкершіліктің артуы және девиантты мінез-құлыққа балама ретінде отбасылық қолдау мен диалогтың құндылығын түсіну.

**Жоспар:**

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі.

1. Топпен сәлемдесу және байланыс орнату

2. Мотивациялық қызығушылық

II. Негізгі бөлім

2.1 Ақпараттық блок

2.2 Интерактивті ойын

2.3 «Әрекеттің артында не тұр?» жаттығуы. Кейспен жұмыс

2.4 Ми шабуылы «Қайдан көмек алуға болады?»

III. Қорытынды. Рефлексия

3.1 Қорытындылау

3.2 «Мен өзіммен не аламын» рефлексия шеңбері

3.3 Тренингтің аяқталуы

IV. Қосымшалар. Үлестірмелі материалдар, чек-парақтар, жаднамалар, нұсқаулықтар.

**Ұзақтығы 45 минут**

## **Сабақ барысы**

### **I. Кіріспе бөлім (9 минут)**

#### **1.1 Сәлемдесу және қауіпсіздік атмосферасын құру**

*«Сәлеметсіңдер ме! Бүгін бізде ерекше және өте маңызды сабақ болады. Біз ашық, айыптаусыз және бір-бірімізге деген құрметпен сөйлесеміз. Біздің тренингтің тақырыбы – девиантты мінез-құлық, атап айтқанда – қаңғыбастық және үйден өз бетінше кету».*

Девиантты мінез-құлық – бұл қоғамда қабылданған нормалардан ауытқу. Бұл әрқашан қылмыс емес, бірақ әрқашан дабыл белгісі. Адам қандай да бір себептермен ережелерді бұзады, қиындықтарды жеңе алмайды, бір нәрсені дәлелдеуге немесе бір нәрседен қашуға тырысады деген белгі.

#### **1.2 Мотивациялық қызығушылық.**

##### **Қысқаша сауалнама (қол көтеру)**

- *Неліктен жасөспірімдер үйден кетеді деп ойлайсыңдар? Оларды не итермелейді – наразылық, қорқыныш, бостандыққа деген ұмтылыс?*
- *Көшеде баланы қандай қауіптер күтіп тұруы мүмкін? Сендер қандай дабылдарды атап көрсетер едіңдер?*

### **II. Негізгі бөлім (29 минут)**

#### **2.1 Ақпараттық блок**

**Девиантты мінез-құлық** – бұл адам қоғамда қабылданған жалпы қабылданған әлеуметтік, құқықтық, моральдық немесе мәдени нормаларды әдейі немесе бейсаналық түрде бұзатын жеке тұлғаның мінез-құлқының тұрақты түрі.

##### **Девиантты мінез-құлық түрлері:**

**Әлеуметке жат** -әлеуметтік нормаларды бұзу (агрессия, өтірік, қашу, қаңғыбастық).

**Заңға қайшы**-заң бұзушылықпен байланысты (ұрлық, бұзақылық).

**Тәуелділік**-зиянды тәуелділіктер (алкоголь, есірткі, нашақорлық).

**Өзін-өзі жою** – өзіне зиян келтіру (өзіне-өзі зиян келтіру, суицидтік әрекеттер).

**Қаңғыбастық**-бұл девиантты мінез-құлықтың бір түрі, онда жасөспірім өз еркімен үйден немесе мекемеден кетіп, әдейі ұзақ уақытқа оралмайды, далада немесе кездейсоқ жерлерде тұрады.

##### **Үйден кету мен қаңғыбастықтың себептері**

*Әңгімелесуге арналған сұрақтар:*

- *Неліктен кейде отбасында жасөспірімдердің үйден кетуіне себеп болатын қақтығыстар болады деп ойлайсың?*

- Сен немесе таныстарың назардың жетіспеушілігін немесе эмоционалды жалғыздықты сезіндіңдер ме? Бұл үйден кетуге деген ұмтылысқа қалай әсер етеді?
- «Достар» немесе көше компаниялары жасөспірімдерге қандай әсер етуі мүмкін? Қоршаған ортаны таңдауда абай болу неге маңызды?
- Өзін-өзі төмен бағалау және бостандыққа ұмтылу үйден кетуге қалай итермелейтінін білесің бе?

### **Құқық бұзушылықтармен байланыс**

- Үйден кеткен жасөспірімдер заттарды неге рұқсатсыз ала бастайды деп ойлайсың?
- Кейде қаңғыбастар арасында неге агрессия пайда болады деп ойлайсың? Бұған қандай себептер ықпал етуі мүмкін?
- Жасөспірім көше компанияларына немесе топтарына кіргенде не болады? Неліктен қауіпті болуы мүмкін?
- Сен есірткі немесе алкогольді тұтыну қаңғыбастар арасында жиі кездесетінін білесің бе? Неліктен бұлай болады?

### **Девиантты мінез-құлық туралы заңдар бойынша пікірталас**

#### **1-сұрақ:**

— Біреу сендерді немесе достарыңды қаңғыбастыққа немесе қайыр сұрауға тартуға тырысып жатқанын елестетіп көріндер. Сендер не істер едіңдер? Неліктен бұл үшін түрмеге түсуге болады деп ойлайсыңдар? (ҚР ҚК 133-бабы-3 жылға дейін бас бостандығынан айыру)

#### **2-сұрақ:**

- Ал егер ата-аналарың сендерге дұрыс қарамаса ше? Олар үшін қандай салдары болуы мүмкін? Неліктен ата-аналар сендердің мінез-құлықтарыңа жауапты деп ойлайсыңдар? (ҚР ӘҚБтК — нің 127-бабы-айыппұл немесе қамауға алу)

#### **3-сұрақ:**

- Егер бала жалғыз қараусыз қалса ше? Неліктен қауіпті? Сендер өздеріңізді қалай сезінер едіңдер? Бұл үшін ересектер де айыппұл арқалайтынын білесіңдер ме? (ҚР ӘҚБтК-нің 130-бабы)

#### **4-сұрақ:**

- Неліктен түнде көшеде жалғыз жүруге болмайды деп ойлайсыңдар? Не болуы мүмкін? Түнде ата-атаның рұқсатынсыз көшеге шықсаңдар, олар неге айыппұл ала алады деп ойлайсыңдар? (ҚР ӘҚБтК 442-бабы)

#### **5-сұрақ:**

— 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдер де өз әрекеттері үшін жауап береді. Теріс қылықтар үшін қандай жаза түрлерін білесіңдер? Неліктен осы жаста да ережелерді сақтау маңызды деп ойлайсыңдар? (ҚР ӘҚБтК 65-бабы)

## **2.2 Интерактивті ойын**

### **«Кетіп қалу қаласы» астарлы әңгімесі**

#### **Шеңберде талқылау:**

- Неліктен Алиса кетіп қалды?
- Ол кеткеннен кейін не сезінді?
- Оған кім, не көмектесті?
- Алисаның басқаша жолы болды ма?
- Сендер Алисаға не айтар едіңдер?

#### **«Менің қалам» жаттығуы**

- Қатысушылардан өздерінің «ішкі қалаларын» елестетуді және суретін салуды сұраңыз:
  - Онда не бар?
  - Онда сенім, көмек, адалдық үшін орын бар ма?
  - Онда кеткіңіз келетін тұйықтар немесе көшелер бар ма?

#### **Алисаға арналған хат**

- Жеке тапсырма:
  - Алисаға қысқа хат жаз.
  - Сен оған не айтар едің?
  - Не ұсынар едің?

#### **«Кеткенге дейінгі әңгіме» рөлдік қойылымы**

- Жұпта Алиса кетпейтін, бірақ жақын адамдарымен сөйлесуге тырысатын көріністі ойнатыңыз.- Әңгімені қалай бастауға болады?
- Ересектерге не айту маңызды?

## **2.3 «Әрекеттің артында не тұр?»**

**Кейс.** Облыс аудандарының бірінде кәмелетке толмаған қыз өз еркімен тұрғылықты жерінен бірнеше рет кетіп, ұзақ уақыт ата-анасының бақылауынан тыс болған, көше өмір салтын ұстанған, білім беру мекемесіне бармаған және ересектермен қарым-қатынастан жалтарған жағдай тіркелді. Жасөспірімнің мінез-құлқы эмоционалды тұрақсыздықпен және қоршаған ортаға деген сенім деңгейінің төмендеуімен қатар жүрді.

Жағдайды қарау қорытындысы бойынша ол ішкі істер органдарына профилактикалық есепке қойылды. Болашақта әлеуметтік-профилактикалық шаралардың арқасында оның көше ортасында болуын шектеп, әлеуметтік бейімделуді қалпына келтіре бастады. Осыған ұқсас жағдайлар өңірдің басқа елді мекендерінде де анықталды.

#### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

- *Кәмелетке толмаған қыздың осындай мінез-құлқына қандай себептер әкелуі мүмкін?*
- *Қандай белгілер жасөспірімнің қиындыққа тап болғанын көрсетуі мүмкін?*
- *Неліктен мұндай жағдайлар басқалардың назарынан тыс қалады?*

- Бұл жағдайда:
  - отбасы,
  - мектеп,
  - құрдастар,
  - алдын алу органдары қандай рөл атқаруы мүмкін?
- Жағдайдың дамуын болдырмау үшін ертерек не істеуге болады?

### **Қорытындылар**

- Неліктен мұндай жағдайларды сізге жеке қатысты болмаса да, елеусіз қалдырмау маңызды?

- Дағдарыс жағдайына тап болған жасөспірімдерді қолдау жүйесі қандай болуы тиіс?

- Құрдастарыңыздың біреуіне көмек қажет екенін қалай білуге болады және бұл жағдайда не істеу керек?

### **Құқықтық база:**

- «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңы – қамқорлық, қорғану және баспанаға құқығы
- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы
- ҚР Конституциясы, 27-бап – баланың қорғану құқығы

### **2.4 Ми шабуылы «Көмекті қайдан табуға болады?»**

Флипчартта немесе тақтада қатысушылар бірге карта жасайды:

- Егер қиын болса, кімге жүгіну керек?
- Қайда баруға болады?
- Егер қорқынышты болса, қалай көмек сұрауға болады?
- Нақты не істемеу керек?

*Кеңестер:* мектеп психологі, сенім телефоны, сенімді ересек адам, жасөспірімдер орталығы, еріктілер, чат-көмек. (1-қосымша жаднама)

## **III. Қорытынды (7 минут)**

### **3.1 Қорытындылау (әңгіме)**

- Бүгін не маңызды болды?
- Жаңа не нәрсе білдіңдер?
- Мұны өмірде қалай қолдануға болады?
- Естеріңде не көбірек қалды?

### **3.2. «Сенім шеңбері» рефлексиясы**

Қатысушылар кезек - кезек немесе сөз тіркесіне жазбаша жауап береді:

«Осы сабақтан кейін мен ... түсіндім»

«Енді мен .... білемін»

«Мен ... есімде сақтадым»

«Мен ... көргім келеді»

### **3.3. Тренингтің аяқталуы**

Қатысушыларға алғыс айту

Ескерту: «Көмек сұрау – әлсіздік емес, күш»

«Мен қолдауға құқығым бар. Мен таңдай аламын — және тыңдала аламын».

## 1-қосымша

### Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және жеңу туралы жаднама (алгоритм)

#### 1-қадам. Мойындау

- ✓ Мінез-құлқың тым артық кеткенін мойында.
- ✓ «Мен сондаймын» немесе «мені түсінбейд» деген сөздермен ақталма.

#### 2-қадам. Себептерді түсіну

- ✓ Сені дәл осындай әрекеттерге не итермелейді?
- ✓ Бұл қорқыныш па? Реніш пе? Ауырсыну ма? Бостандықты қалайсыңба?
- ✓ Өз сезімдерің мен себептерің жазуға тырыс – бұл түсінудің алғашқы қадамы.

#### 3-қадам. Көмектесе алатын адаммен сөйлесу. Бұл:

- ✓ психолог,
- ✓ мектеп мұғалімі,
- ✓ сенетін тәлімгер,
- ✓ ата-ана (қауіпсіз болса),
- ✓ жасөспірімдерге көмек көрсету орталығының маманы болуы мүмкін.

#### 4-қадам. Деструктивті мінез-құлықты ауыстыру

- ✓ «Қашу» әдетін айту, сұрау, түсіндіру әдетіне ауыстыр.
- ✓ Қиын эмоцияларды бастан өткеруді үйрен: күнделік жаз, сурет сал, спортпен немесе шығармашылықпен айналыс.

#### 5-қадам. Қоршаған орта

- ✓ *Тексер:* Айналада кім бар? Сені құрметтейтін адамдар ма? Немесе тәуекелге итермелейтіндер ме?
- ✓ *Ойлан:* Менің қазір айналадағылар сияқты болғым келе ме?

#### 6-қадам. Мақсатты құру

- ✓ Тұжырымда: мен бір жылдан кейін қандай болғым келеді?
- ✓ Бұл мақсатқа жақындауға қандай әрекеттер көмектеседі?

#### Девиантты мінез-құлықты жеңуге не көмектеседі:

- ✓ Маңызды ересек адамның қолдау көрсетуі
- ✓ Эмоционалды қауіпсіздік (айтудан қорықпау)
- ✓ Жанжалдарды агрессиясыз шешу дағдысы
- ✓ Өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауды дамыту
- ✓ Қабылдап, дамытатын жасөспірімдер тобы
- ✓ Өзін және басқаларды түсінуге үйрететін тренингтер
- ✓ Позитивті хобби немесе құндылықты сезінетін іс

#### Мінез-құлық неліктен қайталануы мүмкін?

- ✓ Ішкі тірек және қасыңда сенімді ересек адамның болмауы

- ✓ Сол ортаға өзгеріссіз оралу
- ✓ Алғашқы рет кеткеннен кейін қолдау мен түсінудің болмауы
- ✓ Бекітілген модель: «егер жеңе алмасам — қашамын»
- ✓ Көше өміріне, ұсақ қылмыстылыққа бейімделу

#### **Кімге қауіп төнеді?**

- ✓ Қолайсыз немесе жанжалды отбасылардан шыққан жасөспірімдер
- ✓ Зорлық-зомбылықты, қабылдамауды бастан кешірген балалар
- ✓ Психикасы тұрақсыз, мазасыз, гиперактивтілігі бар адамдар
- ✓ Өзін «керексіз» немесе «өзін тыңдата алмағанын» сезінетіндер

#### **Көмек алу үшін жасөспірімге қайда жүгінуге болады**

##### **Қолдау қасыңда:**

- ✓ Сынып жетекшісі - мектеп тірегі және құпия әңгіме
- ✓ Мектеп психологі / әлеуметтік педагог-өзін түсінуге және мәселелерді шешуге көмектесу
- ✓ Сенімді туыс (әжесі, үлкен ағасы / әпкесі) – эмоционалды қолдау

##### **Мамандандырылған қызметтер:**

- Полиция -102
- Балаларға психологиялық қолдау көрсету орталығы – психологиялық қолдау, құпия түрде
- 111 - Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы (бірыңғай нөмір)
- **Онлайн және төтенше ресурстар:**
  - Жасөспірімдерге арналған көмек-чаты – Психологиялық қолдау орталығының (ПҚО) сайтында қолжетімді <https://orken-instituty.kz/ru> сайтындағы «Үнсіз қалма» қойындысы

## **2- қосымша**

### **Девиантты мінез-құлық және қаңғыбастық чек-парағы**

*Жасөспірімдерге, мұғалімдерге, ата-аналарға және мамандарға арналған*

**Девиантты мінез-құлық** – бұл әлеуметтік нормалар мен ережелерден тұрақты ауытқу.

Бұл тәртіпті бұзу, агрессия, сабаққа келмеу, құқық бұзушылық, зиянды заттарды қолдану, үйден кету арқылы көрінуі мүмкін.

**Қаңғыбастық** – бұл үйден немесе мекемеден рұқсатсыз және бақылаусыз тәуелсіз және бірнеше рет кету. Бұл – тек «бостандықты қалаймын» емес, көмек сұраған айқай.

#### **Мүмкін белгілер (өзін-өзі тексеру)**

##### **Егер сен осындай нәрсені байқасаң (жасөспірімдер үшін):**

- Ата-анаммен және ересектермен жиі қақтығысамын
- Қашуға, жоғалып кетуге, үйге оралмауға деген ұмтылыс бар

- Мен мектепке жиі бармаймын, қайда екенімді жасырамын
- Үйден немесе интернаттан қашу тәжірибесі болды
- Заңға байланысты немесе полициямен проблемаларым бар
- Өзімді қажетсіз сезінемін
- Көше компаниясымен бірге болғым келеді — олар түсінеді
- Кейде ұрлық жасаймын, өтірік айтамын, аман қалу үшін жасырынамын
- Ересектерге шынайы сезімдерім туралы айтудан қорқамын

**0–3 белгі** — мүмкін, маңызды қауіп жоқ, бірақ тәуекелдер бар

**4–6 белгі** – жағдай назар аударуды, қолдау табуды қажет етеді

**7 немесе одан жоғары** – жоғары тәуекел аймағы: мамандардың көмегі мен қауіпсіз орта қажет

